



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№39 (628)
2 қазан,
2025 жыл



30 қыркүйек.
Бұл күнді футбол сүйер күллі
қазақ жұрты тағатсыздана
күтті. Себебі Алматыға
Испанияның әлемге әйгілі
корольдік клубы «Реал
Мадридтің» табаны
тиеді. Расында, бұл
қазақ футболы
үшін тарихта
таспаланатын
кезең болды.

«ҚАЙРАТ»:

ЖАНКҮЙЕРЛЕР АРМАНЫНА ЖЕТКІЗГЕН КЛУБ

Көптен күткен уақыт келді. Орталық
стадион лық толды. Төрешінің пәрмені
беріліп, доп ойынға қосылды. Алғашқы 7-ші
секундта жанкүйерлер жүрегі селт етіп сала
берді. Сәтті ұйымдастырылған шабуылда
доп Сәтпаевтың басынан табылып, соққысы
Куртуа қақпашының қолына доп түсті.
Әттеген-ай. Қапы қалмады. «Үйі жақын
мысықтың құйрығы тік жүреді» демекші, 25-
ші минутқа дейін қарсыласты тыпырлатпай
жатқанбыз, бірақ Шерхан Қалмырзаның
өз қақпасына алып келген 11 метрлік
айып добы қонақтардың есеп ашуына жол
берді. Ойынның алғашқы кезеңінде 1 гол
соғылғанымен, екінші кезеңде таблада 0-5
есебі тіркелді. Осылайша Орталық стадионда
өткен тарихи кездесу мәресіне жетіп,
қарсыластар жеңіске жетті.

7-бетте

ЖАС

МАМАНҒА ЖОЛ АШЫЛМАЙ ТҰР

Төтесінен айтсақ, жастар «жұмыс жоқ»
дейді, жауаптылар «бар» деп сендіреді. Ал
жұмыс берушілердің талабы – тәжірибелі
маман. Сонда қолына дипломын кеше ғана
алған жас маман тәжірибені қайдан жинасын?



Сандарға сүйенсек, ел халқының
үштен бірін жастар құрайды. Бірақ
дәл осы жастардың жұмыссыздық
деңгейі – 3,1%. Тәжірибесі жоқтарға
мемлекет «Жастар практикасы»,
«Алғашқы жұмыс орны» бағдарламасын
ұсынады. Дегенмен, бұл бастамалар
жұмыссыздықты тоқтата алған жоқ.
Сауал көп, жауап аз. Тіпті жоқтың қасы.
Бір білетініміз – жастар мен жұмыстың
арасын қалың «қабырға» бөліп тұр. Ал ол
қабырғаны кім тұрғызды?

Бағдарламалардың аты аталғанымен,
олардың жемісін көргендер бар ма,
нәтижесі қандай? Осыны анықтау үшін
әуелі Қызылорда қаласындағы Мансап
орталығына жол тарттық.

Қаладағы жастар арасындағы
жұмыссыздық деңгейі 1,74%-ды
құрайды. Бөлім басшысы Тұрсынай
Койшибаеваның мәліметіне сүйенсек,
2629 жас жұмыссыз ретінде тіркелген.

Ал арнайы бағдарлама арқылы
кейінгі 2 жыл ішінде
3594 жас маман
жұмысқа
орналасыпты.

2

БЕКСҰЛТАН РЗАЕВ:

МАМАНДЫҚҚА ҚЫЗЫҚТЫРҒАН АДАМ – АНАМ



Ұстаз – ұлт болашағының
темірқазығы, жас ұрпақтың жүрегіне
нұр құйып, өмір жолына бағыт-бағдар
беретін асыл жан. Халқымыздың
«Алты Алаштың баласы басын қосса,
төр – ұстаздікі» деуі де ұстаз еңбегінің
қадірін айғақтайды. Ұстаздар күні
– жас ұрпақты тәрбиелеу ісін өзінің
өмірлік мұратына айналдырған
жандарға деген ыстық ықыластың,
шексіз құрметтің мәресісі.

Осы мерейлі күнге орай біз шәкірт
тәрбиелеу ісінде өзіндік қолтаңбасын
қалыптастырған ұстаз, дене шынықтыру
пәнінің мұғалімі Бексұлтан Рзаевпен
сұхбаттасқан едік.

5-бетте



ӘН БАР, МӘН ЖОҚ: ЖАСТАР НЕ ТЫНДАП ЖҮР?

Қазақ эстрадасында соңғы жылдары
жеңіл ырғаққа құрылған, сөзі жұтаң, ойсыз
өндер көбейгені жасырын емес. Бір
кездері ән халықтың жанын тәрбиелейтін
рухани құрал болса, бүгінде кей
туындылар тек көңіл көтеру мен тренд
қуудың амалына айналды.

«Ескі өндер – есті өндер» деп жатамыз. Өз
дәуіріне көңілі толмай, өткенді аңсап тұру адамзат
бойында әуелден бар қасиет емес пе... Ата-
анамыз тыңдайтын хәм ара-тұра шырқайтұғын
өндері қандай мағыналы. Дәл сол секілді қазір
құлағымызға түрпідей тиген кей туындылар уақыт
өте келе жаңа буынға жағымды хәм мағыналы
дүние болып көрінетін шығар-ау. Көркемдік
тұрғыда көзқарасымыз кері кетіп, тыңдарман
талғамы тоқырауға ұшырап жатқаны еріксіз
осындай ойларға жетелейді. Ендеше мәтінінен мән
кетіп, мағынасын жоғалтқан туындылар жайлы
қалам тербеп көрейік.

Ілгеріде ән жазуға сазгер де, ақын да айлап
еңбектенетін. Олар «ән – өмірдің айнасы, сөз
өнерінің жалғасы» деп бағалады. Ал бүгінде
жағдай мүлде басқа. Себебі музыка бизнеске
айналды, орындаушыларға ең бастысы – хит
шығару. Жеңіл ырғақ пен тез жатталатын қайырма
жазса ән TikTok-та трендке айналып, авторына
да, орындаушыға да пайда әкеледі. Бұл үдеріс сөз
сапасын екінші орынға ысырып тастады.

3-бетте

100 ҚҰРАҚ: ҚҰРАҚ ӨНЕРІН ҰЛЫҚТАҒАН СЫР ӨҢІРІ

8-БЕТТЕ



ХАЛАЛ
АС ПА,
АРАЛАС ПА

3-БЕТТЕ

«ҚАЙТАДАН»: БІЗ ТӘУЕКЕЛГЕ БАРДЫҚ



Кинотеатрдан шыға бере үнсіз
ғана ойға шомған көрерменді
байқаған боларсыз. Кейбірі көз
жасын сүртіп әлек, өнді бірі ішкі
толқынын жасырғысы келіп, асығыс
қадам басып бара жатыр. Бұл
– «Qaitadan» фильмінен кейінгі
көрініс. Экранға шыққанынан бастап
кино жайлы пікір толастар емес. Шынында да,
кейінгі жылдары отандық киноиндустрияда жаңа
толқынның қолтаңбасы қалыптасып, тың тыныс
сезіле бастағандай. Бүгінгі шығарылымда фильмнің
продюсері Жалын Тілеубергенмен сұхбаттасып,
сауалымызға жауап алдық.



– «Қайтаданның» үлкен
экранға шыққанына бір айға
жуықтады. Көрерменнің
басым бөлігі оң пікір білдіріп,
тіпті жылап та жатыр.
Жабық көрсетілім
кезінде өзіңіз де
жасқа ерік бердіңіз.
Еңбек ақталды деп
айта аламыз ба?
– Иә, фильмнің
экранға шыққанына
бір айдан асты.
Халық өте жақсы
қабылдап жатыр.
Әсіресе жанрлық
фильм үшін дәл
осындай ықылас –
қуантарлық жағдай. Бұл
ең алдымен көрерменнің
талғамы өсіп келе
жатқанын көрсетеді.
Фильмнен көрерменнің
алған әсері – еңбектің
ақталғаны.

4-БЕТТЕ

Басы 1-бетте

ЖАС МАМАНҒА ЖОЛ АШЫЛМАЙ ТҰР

Біз екі түрлі бағдарлама ретінде қарастырып жүрген «Жастар практикасы» мен «Алғашқы жұмыс орны» биылдан бастап біріккен екен. Ал күні бүгінге дейін жасы 35-тен, оқуын аяқтағанына 3 жылдан аспаған, өз саласы бойынша еңбек тәжірибесі жоқ мамандар «Жастар практикасы» арқылы жұмысқа орналасып, жалақысы толықтай мемлекет тарапынан субсидияланса, осы талапқа ұқсас тек оқу бітіргеніне 5 жылдан аспаған, еңбек нарығына бірінші рет кіретін жастарға «Алғашқы жұмыс орны» бағдарламасы ұсынылатын. Мұнда жұмыс істеу мерзімі 18 ай, ал жалақысы мемлекет тарапынан ішінара субсидияланып, қалғанын жұмыс беруші төлейтін еді. Енді қазір біріккеннен кейін бағдарламаның мерзімі 1 жылды құраса, 30 айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі жалақы мемлекеттік субсидия арқылы беріледі. Бағдарламаның уақыты біткен соң жас маман толық штаттық жұмысқа орналасқан жағдайда жалақы жұмыс берушінің ішкі тарифіне сәйкес белгіленеді.

Жалақы жайлы тілге тиек еткен екенбіз, тоқталуды жөн көрдік. «Қазақ санағанды жақсы көреді» демекші, айлық есептік көрсеткіштің құны 3932 теңге болса, бағдарлама арқылы жастардың алатын айлығы – 117960 теңге. Аз ба, әлде көп пе, өзіңіз бағамдарсыз. Бірақ жақында ғана мінберде бұл мәселе талқыланды. Жайдан жай емес екені айдан анық.

– «Жастар практикасы» және «Алғашқы жұмыс орны» бағдарламаларына қатысушылардың жалақысын инфляция деңгейін ескере отырып көтеру мүмкіндігін қарастыруды сұраймыз. Бұл бағдарламалардың жастар үшін тиімділігін және тартымдылығын арттыру қажет. Себебі әлеуметтік осал топтардан шыққан түлектер мен ата-анасының қолдауына сүйене алмайтын жастар қазіргі төлем деңгейінде баспана мен тамақ шығынын жаба алмайды. Соның салдарынан, олардың көбі қатысудан бас тартып, бейресми жұмыспен айналысуға мәжбүр болу-да. Төмен жалақы мемлекеттік жастар саясатының мақсатына қайшы келеді. Бағдарламалар бойынша 2022 жылдан бері төлем мөлшері өзгермеген, бұл 30 АЕК-ке тең. Бұл ретте қатысушыларға «қолға түсетін» төлемнің нақты мөлшері – 90 511 теңге, – деді сенатор Бибігүл Аққожина депутаттық сауалында.

Сенатордың айтқан мәліметін ескерсек, бытыр елдегі 9 мың 600 адам «Алғашқы жұмыс орны» жобасына қатысса, 2200 адам тұрақты жұмысқа орналасқан. «Жастар практикасы» бойынша 33 мың қатысушыдан 12 мың 600 адам бағдарламаны аяқтап, кейін 7 мың 400 адам тұрақты жұмысын жалғастырған.

Қызылорда қаласындағы «Мансап» орталығының бөлім басшысы Тұрсынбай Қойшибаева да жас мамандардың өз саласы бойынша жұмыс таба алмауының бірнеше себебіне тоқталған еді.

– Ең алдымен, жұмыс берушілер тәжірибесі бар мамандарды іздейді. Ал жас түлек кеше ғана диплом алып шыққан соң, бұл талапқа сай келе бермейді. Екіншіден, еңбек нарығында сұраныс пен ұсыныс арасында сәйкессіздік байқалады. Үшіншіден, жастардың көбі, әрине, жоғары жалақы күтеді.

Ал біздің орталыққа келетін жастардың негізгі сұраныстары да белгілі. Біріншіден, олар тұрақты жұмыс орнын қалайды, яғни ресми еңбек шартымен, әлеуметтік пакетімен қамтылған қызметті іздейді. Екіншіден, жалақының әділ әрі уақтылы төленуіне ерекше көңіл бөледі. Өйткені келетіндердің көбі – жас отбасылар немесе өз-өзін қамтамасыз етіп жүрген азаматтар, – деп пікір білдірді бөлім басшысы.

Айтқан пікірдің жаны бар. Жақында қоғамдық көлікте 2 жас маманның әңгімесін құлақ шалды. Айлығы мен өзіне жүктелген міндеттерін айтып налып отыр. Айтуынша, біреуі осындай бір бағдарлама арқылы жұмысқа тұрған. Өзі мұғалім екен. «Киімнің, тамағын, қыдырысын, қазір тойға да жиі шақырады, оған қоса ай сайын интернетке төлейтін ақша бар, қайда жеткіземін, білмеймін. Айлық аз, тәжірибе жоқ, жұрмін, әйтеуір» деді жанындағы қызға. Айлығы сонша аз ба деп ойға шомғанда өзімің де таныстарым «Жастар практикасымен» жұмысқа орналасып, жалақының жүз мыңның бергі жағы дегені есіме түсті.

Қош. Айлық аз, десе де 1 жылдан кейін тұрақты жұмысқа орналасамын деп шыдайды ғой біразы. Бірақ, бытыр бағдарламаға қатысқан жастардың тек 23%-ы ғана тұрақты жұмысқа орналасқан. Нәтиже неге төмен?

Жұмысқа ынтасы жоқ жастың

көбейгені ме, әлде айлық төлеуден қашатын мекеме көбейді ме?

Бытыр облыс бойынша 3223, биыл 9 айда 1552 жас «Жастар практикасымен» уақытша жұмысқа орналасқан. Қаладағы ахуалға келсек, 2023-2025 жылы 3594 жас маман жұмысқа тартылса, оның 388-і тұрақты жұмыспен қамтылған. Қалғаны қайда, не істеп жүр? Мейлі, жүктелген міндетті атқара алмай тұрақты жұмысқа орналаса алмаған болар. Десе де барлық жас маманның жауапкершілігіне күмәнмен қарай алмаймыз. Сонда мекемелердің «Жастар практикасы» бағдарламасымен 1 жыл бойы жас маманға жұмыс істеткізіп, кейін алып қалауға дәрменсіз болғаны ғой. Сонда бұл бағдарламаның пайдасы қайда? Тіпті 1 жылға жетпей жұмысын аяқтағандар да бар. Мұндайда бағдарламаның талабы не дейді?

Мансап орталығының бөлім басшысы Тұрсынбай Қойшибаеваның айтуынша, орталық жас мамандардың еңбек құқығын қорғауды басты назарда ұстайды. Бұл мақсатта жұмыс беруші, жас маман және орталық арасында үшжақты келісімшарт жасалады. Құжатта әр тараптың құқықтары мен міндеттері нақты көрсетіліп, келісімнің орындалуы тұрақты түрде бақылауда болады. Жас маманның жұмыс орнында болуы мен жалақысының уақтылы төленуі орталық мамандары тарапынан қадағаланып отырады. Егер шағым түссе, Мансап орталығы ресми түрде жұмыс берушімен байланысып, дауды шешуге араласады. Ал заң бұзушылық анықталған жағдайда келісімшартты бұзу немесе қаражатты қайтару шаралары қарастырылады.

Сонымен қатар, бөлім басшысы «Жастар практикасы» бағдарламасына қатысудың ерікті екенін атап өтті. Яғни жас маман оқуға түсу, басқа жұмысқа орналасу, отбасы жағдайы секілді себептерге байланысты арыз жазған жағдайда, келісімшарт бұзылады.

Ал жұмыс беруші тарапынан келісімшартты бұзу тек негізді себептермен ғана жүзеге асырылады. Мәселен, жас маман жұмысқа себепсіз келмей қалса, еңбек тәртібін бұзса немесе қызметтік міндетін орындамаса. Кей жағдайда жұмыс берушінің штаттық өзгерістері де себеп болуы мүмкін. Келісімшартта мұндай жағдайға арнайы пункт енгізілген. Дегенмен, келісімді тоқтату шешімі тек Мансап орталығының келісімімен қабылданады.

Қызылорда қалалық «Qosy» жастар ресурстық орталығының директо-

рымен байланысып, жұмыс пен жастар жөнінде пікір алмастық.

– Жұмыссыздықтың көбірек байқалатын тобы 22-25 жас аралығындағы жастар. Мамандықтар бойынша да айырмашылық бар. Қазіргі таңда IT саласында кадрларға сұраныс жоғары болып отыр. Ал педагогика мамандығын игерген жастарға тұрақты жұмыс табу қиынға соғуда. Бұл мәселені шешудің бірнеше жолы бар. Біріншіден, жастарды тәжірибеден өткізу тетіктерін кеңейту қажет. Екіншіден, еңбек нарығындағы сұранысқа сәйкес кәсібі бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру маңызды. Үшіншіден, кәсіпкерлікке ын-таландыру арқылы жастардың өз ісін ашуына қолдау көрсету қажет, – дейді Медет Жорабек.

Рас, бір жылы заңгерлер көбейді, келесіде мұғалім боламын дейтіндердің саны артты. Бірақ нарықтағы сұраныс, әттен, артпады. Мына ақпаратқа зер салсақ, биыл су саласы мамандықтарына 894 студент мемлекеттік грант негізінде оқуға түскен. Бытыр 523, ал 2023-2024 жылдары небәрі 291 студент оқуға түскен еді. Иә, жастардың осы салаға қызығушылығы артқаны, қуантады. Десе де маман көп, жұмыс пен сұраныс жок болып қалмай ма?

Enbek.kz электронды платформасында 32 мыңнан астам жұмыс орнына арналған 11091 хабарландыру жарияланған. Вакансиялардың басым бөлігі пайдалы қазбаларды өндіру, металлургия және энергетика салаларымен байланысты. Оның ішінде тау-кен жабдығының машинистері, дәнекерлеушілер, жөндеу слесарлары, электрмонтерлер, энергетиктер, ин-женер-технологтар және өнеркәсіптік қауіпсіздік мамандарына сұраныс жоғары. Жұмыс пен сұраныс бар, маман жок.

Жалпы, еңбек нарығындағы қайшылықтың бір ұшы – маманға деген нақты сұраныс пен оқу орындарынан түлеп ұшқан түлектердің арасын байланыстыратын орталықтың жоқтығында. Шын мәнінде, елге қандай маман жетіспейді, қай салада бос орын бар, қандай мамандық иелері артық дайындалып жатыр – осыны зерттеп, зерделеп отыратын жүйе ауадай қажет. Ондай талдау жасалмайынша, жұмыссыздықтың тамырына балта шабылмайды, жас мамандар өз орнын таба алмайды.

Мәселен, Қызылорда облысындағы 39 жеке мектепте 136 зейнеткер ұстаз әлі күнге дейін дәріс беріп жүр. Ал жас мамандар дипломын қолына ұстап, табалдырықтан сығалап күн кешуде. Неге? Өйткені жеке мектеп үшін зейнеткер ұстаз әрине, тиімді. Осылайша, жас буынға орын бұйырмай, кадрлық саясат тұйық шеңберге айналған.

Бытыр облыс көлемінде жүргізілген әлеуметтік зерттеуге 2064 респондент қатысып, жұмысқа орналасудағы қиындықтар туралы сұраққа өңір жастарының 48,3%-ы «Жұмыс өтілінің болмауы, барлық жерде жұмыс өтілі талап етіледі» деп жауап берсе, 40,8% «Өз мамандығым бойынша орналасу қиын», 35,8% «Таныстың болмауы», 22,4% «Жұмыс нарығы, жұмыс іздеу жолдары туралы ақпарат жеткіліксіз», 16,1% «Жұмысқа орналасар кезде сыйақы сұралады», 9,6% «Білімнің функционалдық қызметке сәйкес болмауы», 4% «Тұрғылықты жердегі жұмыспен қамту орталығының жұмысы туралы білмеймін», 3,1% «Жұмысқа орналасатын елді мекенде тіркелмегендік» деп жауап берген.

Редакцияға келген оқырман хаттарының кейбірінде «... грант-та оқитындарға жұмыс тауып беруге міндетті деген оқу орны үнсіз. Сонда біз тәжірибені қалай жинаймыз?» деп жатады. Расымен оқу орны жұмыс тауып беруге міндетті ме?

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «Рекрутинг және мансап» бөлімінің басшысы Асхат Мырзабайдың айтуынша, 2023-2024 оқу жылы университетті 2682 түлек бітірген, 1895 түлек жұмыспен қамтылған. Оның ішінде 1245-і мамандық бойынша жұмыс істейді. 119 түлек оқуын одан әрі жалғастырса, 160-ы бала күту демалысында екен. Бытырғы түлектердің 81%-ы жұмыспен қамтылған. Ал ЖОО жұмыс тауып беруге міндетті емес екенін де айтты.

Осы орайда бірнеше заңгермен де сөйлестік. Олар да университет тек бос орындар туралы ақпарат беріп, жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастыра алады. Ал түлекті нақты жұмысқа орналастыру міндеті жоқ деп отыр.

Жазарымыз осы. Диплом қолда, арман жолда қалмасын. Ал жұмыссыздықтың түйіні тарқалып, жас маманға жол ашылсын.

Әлия ТӘЖІБАЙ



◀ КРИМИНАЛДЫҚ ПОЛИЦИЯҒА – 107 ЖЫЛ

Еркін АЯПОВ:

ЛУДОМАНДАР МАҚСАТЫНА ЖЕТУ ЖОЛЫНДА ЕШНӘРСЕДЕН ТАЙЫНБАЙДЫ

Қоғам дамыған сайын алаяқтық пен қылмыстың да жанаша сипат алып жатқаны анық. Бүгінде интернет алаяқтық өршіп тұр. Құзырлы органдар түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, халыққа сақтану керектігін қанша айтқанымен, алаяқтар айласын асырып барады. Таяуда ғана халыққа «көп мөлшерде несие рәсімдеп беремін» деп алдап, талайдың қаржысын қалтасына сүнгізген 20 жастағы қыз бала ұсталды. Әрине, қынжылтатын жағдай.

Биыл – криминалдық полицияның құрылғанына 107 жыл. Құқық қорғап, халықтың қауіпсіздігіне жауап беретін орган ретінде Қызылорда қалалық Полиция басқармасы криминалдық полиция бөлімі бастығының орынбасары Еркін Аяповпен сұхбаттасып, бүгінгі ахуалдың жай-жапсарын біліп қайтқан едік.

– Еркін Сағындықұлы, қоғамда өршіп тұрған қандай қылмыс? Алдын алуда не істеп жатысыздар?

– Қылмыстың аты – қылмыс. Оның үлкен-кішісі, ауыр-жеңіл болғанымен, ұғым – бір. Ол – қылмыскер. Қоғамның дертіне айналған нәрсе. Қазір өткен жылға қарағанда қылмыстың ашылу пайызы да өскен. Мәселен, ұрлықтың ашылуы 57,1 пайызға, интернет алаяқтықтың ашылуы 49,2 пайызға өскен. Бұл – мамандардың жоғары кәсіби шеберлігінің арқасында қол жеткізіп отырған жетістігіміз. Ал осы күні интернет алаяқтыққа душар болғандар көптеп келіп жатады. Көш бастап тұрған да осы қылмыс түрі.

– Оның алдын алу жағы қалай?

– Әрине, біз барлық қылмыстың алдын алуда еңбек етеміз. Халық көп жүретін жерлерде, лэд экрандарда, кинотеатрларда алаяқтықтан сақ

болу туралы бейнематериалдар жарияланады. Әйтсе де, алаяқтардың айласының көптігі ме, әйтеуір, сол бейнематериалдарды көріп тұрып, алданып қалатындар бар.

– Мәселен, олар қандай амалдарды пайдаланады?

– «Қазпоштада затыңыз келіп тұр, смс келеді, сондағы кодты айтыңыз» дейді. Ал ол кодты айттыңыз екен, сан соғып қалдыңыз деп есептей беріңіз. Одан бөлек, whatsapp желісін бұзып, сол арқылы сіздің контактіңіздегі адамдардан қарыз сұрайды. Бірқатар әлеуметтік желілерде «сіздің ақшаңызды аз уақытта айналдырып, көбейтіп береміз» деген де амалдары бар. Бұл қылмыспен тек киберполиция ғана емес, әрқайсысымыз айналысамыз. Мүдде – ортақ.

Таяуда Қазақстан бойынша жұмыс істеп, әр өңірдің халқын алдап, тақырға

отырғызып келген алаяқты ұстадық. Бұл істе осы күні 131 жәбірленуші тіркеліп тұр. Ал «көп мөлшерде несие алып беремін» деп алдаған 20 жастағы қыздың ісінде 90 жәбірленуші бар. Біз қайда бара жатырмыз? Әрине, қорқынышты. Ел дамып жатқанда мұндай істердің де қоса көбейіп жатқаны қынжылтады.

– Мамандардың кәсібилігіне байланысты айта кетсеңіз. Мұндай қылмыстарда тек қана көзге көрінетін күштік қабілеттер ғана емес, айла мен амал, әдіс-тәсіл де басты орында тұратын шығар...

– Оны тарқатып айтпай-ақ қояйық. Бір ғана мысал, жақында ғана үлкен даңғыл жолдың бойында терминал кассасын ұрланғаны туралы хабарлама тіркелді. Біздің қызметкерлеріміз ізін суытпай, бір жарым сағаттың ішінде күдіктілерді ұстап, істі ашты.



Мамандардың кәсіби шеберлігін осындай әрекеттері арқылы-ақ тануға болады. Негізінде тонап кетті, ұрып кетті деген оқиғаларда жәбірленуші бар. Ол күдіктіні көрді. Ал ұрлап кетті деген жерде кім екені, қашан екені белгісіз. Осындай қылмыстың өзін тез арада ашып үлгерсе, кәсіби шеберлік тұрғысында мәселе жоқ деген сөз.

– Интернет алаяқтықтың жастар арасында басым екенін байқадық. Бүгінгі жастардың басқа қандай қылмыс түрлеріне қатысы бар? Олардың тура жолдан таяуына себеп қандай?

– Қазіргінің қорқынышты дертінің бірі – лудомания. Жастар арасында осы үрдіс кең тараған. Лудоман адам өзінің ойындағы мақсатын жүзеге асыру жолында неден болса да тайынбайды. Біз бұған тосқауыл болмасақ, ертеңі күні қандай қоғам қалыптасарын елестете де алмаймын. Біз қылмыссыз, бейбіт, жайлы қоғам қалыптастырғымыз келеді.

– Рахмет.

Сұхбаттасқан
Дәулет ҚЫРДАН,
Суретке түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ



Басы 1-бетте

ӘН БАР, МӘН ЖОҚ: ЖАСТАР НЕ ТЫҢДАП ЖҮР?

Бірнеше жыл бұрын «Бақай» тобының орындауында жарыққа шыққан «Опмай-опмай» атты ән елді бір дүрліктірген болатын. Бәлкім басқа туындыларды кекету ме, мүмкін хайп қуып танылаудың амалы ма, ол жағы бізге беймәлім. Мәтініне мән берсек, оған дейін жарыққа шыққан мазмұнсыз бір топ әннің сөзін жиыстырып, айран қатқан аталадай араластыра салған. Тіпті ән ішіндегі «ал жетпіс тоғыздар қайда?» деген сөзге сол жылы дүние есігін ашқанына қараптан-қарап ұялғандар да табылып қалар... Алайда, ел не десе десе де «Бақай» тобының бақай есебі әзірге түгел.

Сыншылардың айтуынша, мұндай шығармалардың көбеюіне тек әншілер емес, тыңдарманның да жеңіл дүниеге әуестігі себеп. Ойлы мәтіні бар туындыларды уақыт бөліп тыңдауға, астарына үңілуге ұмтылыс жоқ. Ал продюсерлер сұранысқа сай ән ұсынады.

Үш жыл бұрын Алина Шакиева есімді әншінің «Ұйқым келмейді» атты әні тыңдарман тарапынан сыңға ұшырағаны есіміден кете қоймады. Сөзін жазған белгілі актер, ақын Рамазан Амантай.

– Өнге позитивті көзқараспен қарау керек, себебі ол сондай көңіл күй сыйлайды. Апталар бойы бұл ән Қазнетті дүрсілкіндіріп, кеңінен талқыланды. Мен барлық пікірді оң қабылдауға тырыстым. Алдымен көп сын орындаушыға бағытталды, кейін маған ауысты. Жалпы, бұл ән Алина Шакиевмен таныспай тұрып-ақ 2020 жылы, карантин кезінде жазылған. Алдымен мәтіні жазылды, кейіннен композитор құрбымыз Диана Исмаил оған ән шығарды. Ең қызығы, біз бұл әнді басқа әншілерге ұсынған кезде ешкім сын айтпаған еді, – деп атап өтті ол.

Ақын осынау мәтінді жазған уақытта қайта өңдеуді, өзгертуді жоспарлаған. Алайда оған үлгермегенін, туындының тосыннан жарыққа шыққанын айтады.

Орынсыз сөз – орынсыз жамау секілді, жыртығынды жасырмайды, керісінше жарқыратады. Қалай болса солай жамаған матаны әдемі қыла алмайтынымыз секілді, мағынасыз, үйлеспейтін сөзбен әннің кем-кетігін толтыра алмайсың һәм оның құмыры ұзақ болуы да неғайбыл. Ауыздан шыққан әрбір сөздің салмағы бар. Әсіресе ән мәтінінде айтылған әр сөз тыңдарманның жүрегіне жетіп, ойына ой қосуы керек.

Мәселен бұрынғы қазақ әндерінде ойдың өрнегі, сезімнің иірімі, тілдің сұлулығы қатар өрілетін. Шәмші Қалдаяқовтың ақын Қадыр Мырза Әлі өлеңіне жазылған «Сыған серенадасы», «Тамды аруы» туындылары, Тұманбай Молдағалиевтің өлеңіне жазған «Бақыт құшағында», Мұхтар Шахановтың өлеңіне жазған «Өмір-өзен», «Арқалықтың ақ таңы» секілді лирикалық туындылар – сөз бен саздың мінсіз үйлесімінен туған. Ондағы әр жолда бір сыр, әр сөздің артында бір тағдыр бардай еді. Сондықтан да ол әндерді халық тек тыңдап қана қоймай, бойына сіңіріп, көңіліне медет етті.

Ал бүгінгі эстрадада жиі кездесетін кемшілік – сөздің жеңілдеп, әннің мәні кетуі. Терең ой мен поэтикалық образ азайып, жеңіл ұйқас пен терең мағына бермейтін тіркестерге жол берілді. Кейде ән мәтіні әлеуметтік желідегі қысқа жазбаларға ұқсап кетеді, бір сәттік көңіл-күйді білдіргенімен, уақыт өте есте сақталмайды. Айтпағымыз, әннің әуені еліктірсе де, сөзді сүйсіндірмесе – ол уақытша. Ал ойлы сөз – әннің жамауы емес, сәні болуы керек.

Мейір Қайрат есімді әншінің орындауында «Бір досым бар» атты ән де кеңінен таралып, миллиондап қаралым жинаған туындылардың бірі. Десе де мәтініне назар аударғанда өлең немесе ән емес, қарапайым көше тілінде әңгіме тыңдап отырғандай әсер қалдырады. Мұнда туындының әуезділігі мен әдеби көркемдігі жайлы сөз қозғау тіпті артық.

Есей, достым, достым,
Күттім, күттім, сағынышпен тостым, тостым.

Есей, достым, достым,
Мен бәріңді осы әніме қостым, қостым! – деп өріледі әннің қайырмасы. Жеңіл ырғақты, қайталанатын сөз тіркестерінен құралған, поэтикалық деңгейі төмен осындай шығармалар қатары күн санап артып келеді. Бір

шумақтағы екі-үш жол бүкіл ән бойы қайта-қайта қайталанып, тыңдарман ойында жеңіл жатталса да, мазмұндық салмақ бермейді. Сөз – әннің жаны. Ол болмашы тіркес емес, сазымен үйлесім тапқан толыққанды мазмұн болуы тиіс.

Бұрынғыжайдарманоыншыларынан құралған «Меховая 8/1» тобының «ақ пакет, көк пакет» әні көптің қатаң сынына ұшырап, талқысына түсіп еді. Алайда «аузы күйген үрлеп ішеді-ау» деген үмітіміз зая кеткен секілді. Ізінше жарыққа шыққан «Дәкенц» атты туындысы алдыңғысынан асып түсті.

Аяқта байпақ жүн нәски,
Басымда мәләқай, нән әчки.
Енді ондай репір емеспін шілі,

Еминемнен ұрлап алдым пәчти, – деп келетін жолдарды тыңдап отырып, шөпті де, шөңгені де ән етіп шырқағанына қарныңыз ашады. Тап осылай «атың шықпаса жер өртенің» кебін киіп, келесі бір буын ізінен еріп келе жатпасына кім кепіл... Мұндай ән мәтіндеріне талдау жасаудың өзі артық. Терең мазмұннан айырылған ән тыңдарман жүрегінде ұзақ сақталмайды, маусымдық көңіл көтеруге ғана жарайды.

Мамандардың айтуынша, мұндай әндердің көбеюіне сұраныстың өзі себеп. Мағынасыз туындылар – қазіргі заманның талғамы мен тез тұтыну мәдениетінің бір көрінісі. Бүгінде жас буын тез жатталатын, әлеуметтік желілерде трендке айналатын әндерді іздейді. Олардың пайымдауынша TikTok, Instagram секілді платформаларда танымал болу үшін әннің әуені мен сөзінің қарапайым әрі көңілді болуы жеткілікті.

Музыка зерттеушілерінің пікірінше, бұл үрдіс өнерді уақытша тұтынатын тауарға айналдырды. Кейбір әндер арнайы челлендж не би қозғалысына арналып жазылады да, бірнеше аптадан соң ұмыт қалады. Мәселен, «Алдараспан» театрының экс-әртісі Қайрат Керімбектің орындауындағы «Кока-кола, пепси» әні әлеуметтік желі беттерінде әзіл-қалжың мен оқыс оқиғаларға құрылған бейнероликтерге жиі қолданылады. Бұл әннен мағына іздеп әуре болмайтыныңыз анық. Әлемдік брендтерді әніне қосқан әнші туындыны дәл бұлай танымалдыққа ие болады деп өзі де күтпеген шығар.

Бүгінгі жас композиторлар мен орындаушыларға ескі әндерден сабақ алу – аса маңызды. Қазақы ұғымға, ұлттық сөз саптауға, поэзияға сүйенгенде ғана қазіргі әндер де мәңгілік мәнді туындыға айналады. Дегенмен өз ішімізде «заманың қандай болса, бөркінді солай ки» ұстанымынан аса алмай отырғанымыз тағы бар.

«Argonau» лақап атымен танылған Арғын Аусаровтың бұған дейін әнші Қайрат Нұртаспен бірлескен орындауында «Маскүнем» атты әні жарыққа шыққан болатын. Тыңдалым жағынан талай әнді шаң қаптырған туындының қайырмасындағы мәтін:

Шапалақты ұрып қаспенен,
Атқандай болдың мені таспенен.
Көріп сенің сұлу көздеріңді,
Кетіп қалды мына бас деген, – деп келеді. «Қаспен шапалақ ұрудың» мағынасын тыңдарман қауым көпке дейін түсіне алмай дал болды. Сондай-ақ ән ішіндегі бүгінде жастар арасында жиі қолданатын «бас кетті» сөзі кірістірілген. Тікелей аудармадан енген мағынасыз тіркес кейінгі уақытта әр әннің мәтінінде менмұңдалап тұратынын аңғарып та жүрміз.



Мәселен, «Kalifarniya» лақап атымен танылған Фархат Қалиевтің бірқатар әндері елімізде кеңінен таралып, тыңдарман көңілінен орын тапты. Оның «Puerto-Rico» атты туындысын тыңдамаған адам кемде-кем.

Puerto-Rico дағы қызға бас кетеді,
Неге?
Краска, make жағатын қызға бас кетеді,

Неге? – деп қайталанған әннің ырғағы жағымды болғанымен мәтіні сауатсыз жазылғаны көзге ұрып тұр. Ақпараттарға сүйенсек, әнші өз орындауындағы туындылардың басым бөлігінің сазын да, сөзін де өзі жазады.

Сондай-ақ Argonau-ның Айқын Төлепбергенмен бірге орындауындағы «Оңбаған» атты әні де тақырыбынан бастап тұрпайылыққа толы. «Оңбағанмен» басталып, «жек-сұрынмен» аяқталатын бұл туынды жүйкенді жүндей түтеді. Қосыла шырқап жүрген жас буынға тосқауыл болуға да қауқарымыз жетпейді. Балағат сөзді боратқан әншінің бұдан бөлек дәл осы типтегі туындылары топ-топ болып жарыққа шықты. Ең өкініштісі мұның бәрі тыңдарман тарапынан қалыпты дүниедей қабылдануы.

«Әйел десем әжем де кетеді» демекші, мақсатымыз бәріне бірдей топырақ шашу емес. Тыңдаған жанның көңілінен шығып, көкейіне қона кететін бірлі-жарым туындылар әрине табылады. Мұндай әндер ақын мен сазгердің тығыз шығармашылық байланысынан туындайтынын қайталап айтқымыз келеді. Жоғарыда атап өткеніміздей жеңіл әндердің көбеюі классикалық мәні бар шығармалардың құнын төмендеткен жоқ. Керісінше, ойы терең, сөзі салмақты туындылардың кәдірін арттыра түсті. Музыка сыншылары жастарды сапалы поэзия мен ұлттық нақыштағы әуендерді көбірек тыңдауға шақырады.

Қорытындылай келе, музыка өнеріне жаңашылдық керегін айтқымыз келеді, бірақ ол өнердің негізін – мән мен мазмұнды алмастырмауы тиіс. Шынайы сазгер мен ақынның жүрегінен шыққан туынды ғана уақыт сынынан өтеді. Сазы мен сөзі қабысып үйлесім тапқанда ғана ғұмырлы туынды жарыққа шығатынын айтып қанша сарнасақ та, бұл тілегіміз орындалмайтын арман болып отыр. Мәнсіз әндер – уақытша дүние. Алайда олардың шамадан тыс көбейіп кетуі тыңдарманның талғамын төмендетіп, поэзия мен музыка өнерінің беделіне нұқсан келтіреді. Ән – тек көңіл көтеру құралы емес, ол халықтың рухани қазынасы. Сол себепті сапалы мәтін мен ойлы әуенге қайта оралу – бүгінгі қазақ эстрадасы үшін ең өзекті мәселенің бірі болып қала бермек.

Аружан ОРАЛБАЙ



ХАЛАЛ АС ПА, АРАЛАС ПА?

Күнделікті тұтынатын азық-түлігіңіздің халал екеніне мән бересіз бе? Қаптамадағы құпияланған «Е» коды бізден нені жасырады? Тағам құрамына байланысты Ислам дінінің үкімі мен медицинаның айтар өз шындығы бар.

Айлана ЕДІЛБЕКҚЫЗЫ

Бүгінде халық арасында «халал» мен «харам» ұғымы жақсы тыныс. Ислам дінінде рұқсат етілген және зиянсыз әрекеттер «халал» аталып, адам денсаулығына қауіп төндірер тыйым салынған зиянды дүниелер «харам» ұғымымен бекітілген. Әр мұсылманның ең басты дереккөзі – Құран мен хадис. «Әл-Бақара» сүресінің 172-аятында: «Уа, мұминдер! Өздеріне ризық етіп берілген халал, таза тағамдармен ғана қоректеніңдер», – делінеді.

Бұл діни ұғымдардың ел арасында тарамай тұрған шағында да ата-бабаларымыз адал астың шарттарын білген. Соғым сояр алдында «Бисмилла» айтып, ислам шариғатының әдебі бойынша жөн-жоралғысын жасаған.

Қазір зауыт, фабрикаларға бір күнде орташа есеппен 100-ге жуық мал жіберіледі десек, барлық малдың қанын шығару процесінде ислам шариғатының әдебі бойынша жасалынатынын не жасалынбайтынын дөп басып айту қиын. Өндіріске жіберілетін әр малдың таза табиғи шөппен бағылуы немесе дәрімен бордақлануын тексеру де үлкен мәселе. Мәида сүресінің 3-аятында: «Сендерге: Өлексе, аққан қан, доңыз еті және Алладан басқаның атымен бауыздалған мал арам қылынды. Бірде буынып, ұрхылып, құлап, сүзіліп өлген малдар және жыртқыш жеген мал арам», – делінеді. Елімізде табиғи апаттан немесе ауырып өлген арам малдың етін шұжық жасайтын цехқа өткізу фактілері жиі тіркелетіні жасырын емес.

Сондықтан ет өнімдерін сатып алар кезде «QMDB HALAL» сертификаттын талап етуіміз қажет. 2024 жылы 447 кәсіпорын жаңадан сертификаттаудан өтті. Қазіргі кезде «QMDB HALAL» сертификатымен 1925 кәсіпорын мен 1198 қасапшы өнім өндіруде.

Тұтынатын өнімдеріміздің қаптамасында жазылған «Е» кодының құпиясын аша-йық. «Е» коды ағылшын тілінде «жеуге болады» деген сөзден шыққан. Бұл тағам құрамындағы қосымша ингредиенттерді анықтайтын сандық код. Код бірліктен басталса, онда ол бояғыш. Егер екіліктен басталса, бұл консервант, үш санынан басталса антикыш-қылдандырғыш, 4 – тұрақтан-дырғыш, 5 – эмульгатор, 6 – хош иістендіргіш. Ал төрт мәнді код тәттілендіргіш бар екенін білдіреді.

«Е» кодымен басталатын сандардың барлығы медицина бойынша зиянды, дін саласында харам деуге болмайды. Тағам құрамына қосылатын пайдалы қоспалар да жетерлік. Мысалы Е101 сары тағамдық бояуышы — рибофлавин, ол В2 дәруменінің нағыз өзі. Ал жасыл Е140 — көдімгі хлорофилл, аскөктің пайдасынан кем емес. Пайдалы код қатарына Е306 қоссақ болады. Бұл токоферол, яғни Е дәрумені — аса күшті табиғи антиоксидант қатарына жатады. Азық-түлік құрамында Е300 кодымен басталатын заттар

– аскорбин қышқылынан, «өмірлік дәруменнен» басқа ештеңе де емес. Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасы «Халал Даму» стандарттау және сертификаттау орталығының мәлімдеуінше Е101, Е140, Е306 қоспалары күмәнді. Бояғыштар доңыздан алынса, онда харам деп үкім етілген. Егер 100 пайыз өсімдіктен алынса, онда халал. Орталық Е300 кодын толықтай халал деп таныған. Е120 бояғышы кошениль жөндігінен алынады. Ханафи мазхабы бойынша үкімі – харам. Медицинада бояғыш көпшілікке қауіпсіз делінеді, дегенмен астматиктер мен тері аурулары бар адамдарда аллергиялық реакция тудыруы мүмкін.

Кішкентай бүлдіршіндер мармелад өніміне үйір келеді. Мармеладтың негізгі қоспасы – желе жасаушы зат. Осы күндері мармелад құрамында желатин бар деп аулақ жүруге тырысатынымыз рас. Дегенмен Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасы «Халал Даму» стандарттау және сертификаттау орталығы халал қоюлатқыштардың бар екенін еске салады. Е400-ден бастап Е419 дейінгі қоспаларға халал белгісі қойылған. Себебі аталған қоспалар табиғи өсімдік текті қоюлатқыштар болып есептеледі. Мысалы «ағар-ағар» – балдырлардан, «пектин» – алма, цитрус-тардың, қант қызылшасының сығындысынан өндіріледі.

Қалалық «Айтбай» мешітінің ұстазы Марал Файзуллина:

«Шах Шужағ әл-Кирмани бұған қатысты былай деген: «Тыйым салынған нәрсеге қараудан көзін сақтаған, нәпсінен тежеген, әрдайым мұрақаба (өзін-өзі бақылау, тексеру) сезімі арқылы руханиятын, сүннетті берік ұстану арқылы сыртқы әрекетін бақылауда ұстаған және адал аспен қоректенуді әдетке айналдырған адамның зеректігі жоғалмайды». Иманның әлсіреуі, мінез-құлқтың нашарлауы, рухани әлсіреу, дұрыс нәрседен қашық болып, күнәға бойы бейімделе бастау – бәрі харам аспен азықтанудан басталады», – деп пікір білдірді.

Қазіргі таңда азық-түлік өндірісінде қолданылатын қоспалар көп. Олардың барлығы бірдей зиянды немесе харам емес. Алайда қайсысы адал, қайсысы күмәнді екенін ажырата білу – тұтынушының жауапкершілігі. Ислам діні әрбір мұсылманға халал әрі таза ас жеуді бұйырса, медицина тағам құрамындағы заттардың ағзаға пайдасы мен зиянын ашып көрсетеді. Осы екі өлшемді қатар ұстану – денсаулықты сақтаудың да, имандылықты қорғаудың да кепілі. Сондықтан әрбір тұтынушы қаптамадағы қоспа кодына мән беріп, «QMDB HALAL» белгісі бар өнімді тұтынуды әдетке айналдыруы тиіс. Бұл ұрпақтың амандығы мен қоғамның тазалығы үшін маңызды қадам.

Айлана ЕДІЛБЕКҚЫЗЫ

«QAITADAN»: БІЗ ТӘУЕКЕЛГЕ БАРДЫҚ

Басы 1-бетте

– 2020 жылы келген идеяны жүзеге асыруға төрт жыл кеткен екен. Осы уақыт аралығында қолды бір сілтеп кеткіңіз келген сәт болды ма?

– Шыны керек, мұндай ой мүлдем болмады. Себебі төрт жыл ішінде біз тек осы фильммен жұмыс істемедік қой. Жылда жаңа жоба мен түрлі сериалдың

шыққан халық бірден пікір айтып, әсері мен эмоциясы туралы әлеуметтік желіде бөлісті. Осылайша ел арасына таныла бастады.

– 2 ай жасалған ауылдың макеті, 160 тонна су, ал ең қорқыныштысы – бір ғана дубль. Ауылды су басу сахнасын түсіруге бір ғана мүмкіндік болғанын білеміз. Өте әсерлі, қорқыныш пен уайым, тәуекел мен мақсат қатар тұрған сәт болған болған шығар. Дәл осы сахнаны түсіріп жатқандағы сезіміңізді, жұмыс процесін айтып беріңізші. Ал макетті кім жасады?

– Макеттің жұмысына суретші Бекен Нарбай жауапты болды. Шынын айтсам, бұл жұмысты мойнына алу – өз алдына ерлік. Өйткені Қазақстанда бұған дейін мұндай ауқымды макеттер жасалмаған. Ол бар

жақсы болды. Бұл сұраққа негізінен режиссердің жауап бергені дұрыс. Себебі ол актерлермен тікелей жұмыс істейді. Басты рөлдегі Жасұлан да, Рамазан да, эпизодтық рөлдегі актерлер де өз бейнесін мінсіз алып шықты. Барлығына ризамын! Шығармашылық топтық кәсібилігі фильмге ерекше әсер етті.

– Рамазан демекші, түсірілім алаңының кенжесі туралы айтып беріңізші. Бұл оның дебюттық рөлі болды ғой?

– Рамазан ең соңғы бекітілген актердің бірі. Түсірілімге бар-жоғы 3 күн қалғанда таңдалды. Бізге жіберген видесын көріп режиссер екеуміз «Іздегеніміз – осы бала» дедік. Өзі де «40 минуттың ішінде бекітілген рөлім ғой» деп күледі. Расымен де солай болды. Рамазан өте ашық, жан дүниесі таза, жұмсақ, нағыз қазақтың баласы. Кейіпкері де өзіне ұқсайды. Сондықтан түсірілім барысында қиындық болған жоқ. Ата-анасы да әрдайым жанында жүріп, қолдау көрсетті. Кез келген таланттың артында қолдаушысы тұрса, ол алысқа барады. Сол сияқты, Рамазаннан үлкен үміт күтемін. Болашақта мықты актер болады деп сенемін.

– «Қайтадан»

– Әрине, ол сахнаны түсіру біз үшін үлкен тәжірибе болды. Түннің бір уағында, тау басында жүздеген адамды басқару оңай емес. Күн салқын, уақыт қысқа, жаздың түні қас қағым сәтте өтіп кетеді. Қаланы артта қалдырып, команданы 100-150 шақырым жерге апару, жағдайын жасау, тамақтандыру жұмыстары бар, оған қоса режиссер өзінің тапсырмасын түсіндіреді. Ол өз алдына бөлек үлкен шаруа. Түсірілім тобы біртұтас организм секілді бірігуі керек.

– Декорация жасау да, монтаж да – өз алдына үлкен жұмыс. Монтажға қанша уақыт кетті? Қайткенменде түрлі визуалды эффект жасау оңай емес.

– Фильмнің ең қиын тұсы – бір күннің қайталануы. Осыны көрерменге жалықтырмай жеткізу – монтажер үшін нағыз өнер. Монтажды Асылбек Еркімбек жасады. Бұған дейін сериалдарда тәжірибесі болған, бірақ киноға алғаш кірісті. Соған қарамастан, әр кадрды зергердің қолынан шыққандай құрастырды. Бір күн қайталатын болған соң тайминг те басқаша есептеледі. Компьютерлік графикалар қолдандық. Сондықтан монтаж жұмысы ауыр әрі ұзаққа созылды.

– Қалай ойлайсыз, қазақ киноиндустриясында қандай жанр «жетімге» айналды?

– Шынымды айтсам, «Мына жанр жетімсіреп тұр» дей алмаймын.

түсірілімін қолға алдық. Үлкен экранға шығу оңай емес. Оның артында тәжірибе, дайындық пен тәуекел бар. Біз сол жолды асықпай жүріп өттік. Ал оған дейінгі түсірілім жұмыстары бізді мақсатымызға бір қадам жақындатты. Сондықтан шаршау да, түңілу де болған емес.

– Бір сұхбатыңызда сценарийді бірнеше рет өңдеп, тіпті қайта жазғандарыңызды айттыңыз. Соңғы бекітілген нұсқаның «дәл осы» екенін қалай білдініздер?

– Сценарийдің алғашқы нұсқасын есептегенде фильмнің ұзақтығы екі жарым сағатқа жуықтады. Голливуд үшін бұл қалыпты уақыт шығар, десе де біздің көрермен үшін тым ұзақ. Біріншіден, кинотеатрдағы сеанстың санын азайтады, екіншіден, көрерменнің назарын осынша уақыт ұстау, расымен қиын. Сол үшін біз хронометражды бір жарым сағатқа ықшамдауды шештік. Бірақ бұл оңай шешім болған жоқ. Құрылымын бұзбай, мазмұнын жоғалтпай қысқарту үшін сценарийді қайта-қайта қарауға тура келді. Мәтін реттелді-ау дегенде мамандарға оқытып, олардың да ескертулерін ескердік. Ал әзілдерді күшейту үшін сол саладағы жігіттермен ақылдастық. Осылайша жұмыр бір дүние шықты. «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» дегендей, талай еңбектен кейін ғана көңілге қонымды нұсқасын таптық.

– Әлеуметтік желілерде түсірілімнен түрлі эксклюзив кадр жарияланды. Қалай ойлайсыз, жанрдың өзі де фильмнің кең таралуына ықпал етті ме? Жалпы маркетинг жағы туралы айтып өтсеңіз.

– Маркетингге келер болсақ, қолдан келгеннің барлығын жасауға тырыстық. Десе де көше аралап, сауалнама алу секілді тәсіл жасамадық. Өйткені фильмнің жанры оған сай емес. Сол үшін

жауапкершілікті өзіне алып, екі айдан астам уақытын арнады.

Ал ең қиыны бұл сахнаны түсіруге бір ғана мүмкіндігіміз болды. Сол сәттегі көңіл-күйіміз, іштегі алай-дүлей мен қорқынышты айтып жеткізу мүмкін емес. Жалпы мұндай көріністерге сынақ есебінде арнайы түсірілім жасайды. Бірақ біз алдын ала тестілеу өткізбедік. Егер кадр сәтсіз шыққан жағдайда қайтадан түсіруге, макетті басынан тұрғызуға қаражат та жоқ еді. Қысқаша айтқанда, тәуекелге бардық. Абырой болғанда барлығы ойдағыдай өтті.

– Инстаграм парақшаңызда «Рауан неше рет оянды? Ол санның мағынасы қандай?» деп жаздыңыз. Осы сауалдың жауабын өзіңізден естігіміз келеді, құпия болмаса...

– Рауанның ұйқыдан тұратын, яғни сценарийлық күні – 33 күн. Неге дәл 33 екенін айтпаймын...

– Бірде «Кез келген дүниеден сабақ алмай, мәселені қайта ой елегінен өткізбейінше, ол қайталанып келіп отырады. «Қайтадан» деген атау осы ойдан туындады» деген едіңіз. Айтпақшы, фильмнің атауына тағы қандай нұсқалар болды?

–

сіздің бірінші толықметрлі туындыңыз. Бұған дейін көп көңілінен шыққан «Біздің сынып», «Бозторғай» сериалын түсірген едіңіз. Сериал мен киноның айырмашылығы сезілді ма? Сізге қайсысы жақын?

– «Біздің сынып», «Бозторғай», «Сен жалғыз емессің», «Соңғы аялдама» секілді сериалдар бізге үлкен тәжірибе берді. Сериал түсіруді тәзімділікке үйрететін мектеп деп айтар едім.

Қазақ

киносы енді-енді бой көтеріп келеді. Көрермен кинотеатрға баруға, үлкен экраннан көруге үйренді, дағдыланды. Бұл – үлкен мәдени өзгеріс. Соның арқасында жанрлардың да аясы кеңейіп жатыр. Биылдың өзінде драма көп түсірілді. Балаларға арналған фильмдер де шығып жатыр. Тағы бір-екі жылда қазақ киносы барлық жанрды қамтиды деп сенемін.

– Продюсер, әлде актер? Жалынға қай бағыт жакын?

– Мамандығым актер болса да, жүрегім продюсерлікке тартады. Болашақта арнайы оқып, кәсіби білімді толықтырғым келеді.

– Үлкен экранға қайтадан актер ретінде оралу жоспарда бар ма?

– Актер болу амбициясынан бас тарттым. Өйткені ойым мен қалауым түгелдей продюсерлікті таңдады. Бірақ... өмір ғой. Кейде «жок» деген дүниенің өзі қайта айналып келуі мүмкін. Егер сәті түсіп жатса, экранға оралуым да ғажап емес.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан Әлия ТӘЖІБАЙ

Жастар мен еңбек адамын тоғыстырған басқосу

ЕҢБЕК АДАМЫ – ЕЛ АДАМЫ. ҚҰРЫЛЫСШЫНЫҢ ТҰРҒЫЗҒАН ҮЙІ, ТІГІНШІНІҢ ТІККЕН КИІМІ, АСПАЗДЫҢ ДӘМДІ АСЫ НЕМЕСЕ ІТ МАМАНЫНЫҢ ЖАҢА ЖОБАСЫ – БАРЛЫҒЫ ДА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДІ ЖЕҢІЛДЕТІШ, ӨРКЕНИЕТТІ ІЛГЕРІЛЕТЕДІ. БҮГІНДЕ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРДЫҢ МӘРТЕБЕСІ БҰРЫНҒЫДАН ДА АРТА ТҮСТІ. АЛ НЕГІЗГІ МІНДЕТ – ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРДЫ ЖАСТАР АРАСЫНДА ДӘРІПТЕУ.

Бұл ретте ауданнан бастап республикалық деңгейге дейін түрлі іс-шара ұйымдастырылып жатыр. Жақында соның біріне куә болдық.

Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада «Адал еңбек – жетістіктің бастауы» атты кездесу кеші өтті. Мақсаты – жұмысшы мамандықтарды дәріптеу және оған жастардың назарын аудару, еңбек адамдарына лайықты құрмет көрсету, адал еңбегімен табысқа жеткен адамдардың еңбек жолын жастарға өнеге ету.

Бұл басқосу еңбек адамына деген құрметті арттырып қана

қоймай, жастарға ой салды. Себебі іс-шараға өңірдің бірқатар еңбек мейталмандары, кәсіпкерлер, «Best Service LTD» ЖШС директорының орынбасары М.Мамедова, Б.Сугербаева, Р.Омарова, «Гаухар» тігін үйінің директоры Қ.Мусамова қатысты. Қонақтар тәжірибелерімен бөлісті. Сонымен қатар М.Саламатов атындағы Қызылорда қызмет көрсету және сервис колледжінің оқытушылары мен студенттері, С. Ысқақов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжінің студенттері белсенді атсалысты.

Жиында тігінші, аспаз, кондитер, IT және сандық техника

мамандықтары бойынша оқып жүрген студенттер өз қолдарынан жасаған өнімдерін көпшіліктің назарына ұсынып, кәсібіне деген сүйіспеншілігін көрсетті.

Мұрат Саламатов атындағы Қызылорда қызмет көрсету және сервис колледжінің «Тігін және киім үлгілеу» мамандығының студенті Инжу Камалбек қонақтар мен қатысушыларға тиыннан жасаған картинасын таныстырды. Оның айтуынша, бұл жұмыс ұқыптылық пен шыдамдылықты талап етеді. Сондықтан да жасау процесіне біршама уақыт жұмсаған.

– Көбіне І теңгелер жерде шашылып жатады, ешкімнің қажетіне жарамайды. Соларды жинап бастаған сәттен-ақ ойға түрлі идея келді. Мамандығым дизайнмен байланысты. Біз сурет салып, композиция жасауды үйренеміз. Сол кезде ұстазымызбен ақылдаса

отырып, тиыннан жасалатын ерекше жобаға кірістік. Әуелі эскизін сыздық, кейін қыздың көйлегін тиындардан құрастыруды қолға алдық. Мұғалімнің тәжірибесі мен кеңесі бұл істің жүзеге асуына үлкен ықпал етті. Ол материалдарды таңдаудан бастап, композиция құруға, тиындарды бекіту тәсілдеріне дейін бағыт-бағдар беріп, эскизге түзетулер енгізді. Әрине, мұндай жұмыс үлкен ұқыптылық пен шыдамдылықты талап етеді. Әрбір тиынды дәл орналастырып, композицияның тепе-теңдігін сақтап, бекітуді ретке келтіру көп уақыт алды. Дегенмен нәтижесі жақсы шықты, – дейді ол.

Шебердің айтуынша, жұмыстарын сатылымға шығарып, тапсырыс қабылдау тәрізді даму кадамдары ойда бар. Дегенмен қазір негізгі мақсаты – оқу. Бүгінде білім алып жүрген ол алдағы уақытта

тәжірибесін шыңдаған соң жобаны дамытып, сатылымға ұсынуды жоспарлауда.

– Мұнан бөлек қарапайым қалдық заттардан, оның ішінде пластик бөтелкеден, мата қиындыларынан, қағаздан, тиындардан түрлі әдемі де сәнді бұйымдар жасауға қызығамын. Аксессуарлар, үйге арналған декоративті дүниелер, шағын композициялар – бәрі де қиялға ерік бергенде дүниеге келеді. Ойымда әлі де жүзеге аспаған көп идея бар. Болашақта осы бағытты дамытып, қайта өңделген материалдардан жасалған ерекше әрі экологиялық таза бұйымдарды көбейтуге ниеттімін, – деді Инжу өзара әңгімелескен кезде.

Қорытынды шарада еңбектің құндылығын айқындайтын «Тіршілік негізі – еңбек» атты кітап көрмесі таныстырылды.

Инжу МАРЖАН

1 қазан – Халықаралық қарттар күні

«АУЫЛ» ПАРТИЯСЫ АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Қазан айының алғашқы күні – барша жұртқа қадірлі де қастерлі мереке. Бұл күн – бір дәуірдің шежіресін аркалап, елдің еңсесін тіктеген, өткенді бүгінмен сабақтастырып келе жатқан қарияларды ұлықтайтын «қарттар күні». Осындай айтулы сәтте «Ауыл» партиясының облыстық филиалында ел дамуына өлшеусіз үлес қосқан ардагерлерге құрмет көрсетіліп, мерейлі басқосу өтті.

Жиынға жиналғандардың жүзінен шаттық пен ілтипаттың нұры сезілді. Партия филиалының төрағасы Садық Мұстафа мен облыстық мәслихат депутаты, «Асар» ЖШС директоры Қанағат Сақтағанов ардагерлерді құттықтап, ыстық ықыластың жеткізді. Тәуелсіздікпен бірге қалыптасып, халықтың сенімін аркалап келе жатқан «Ауыл» партиясының 25 жылдық мерекелік медалі елге елеулі еңбек сіңірген қарияларға табысталды.

Мерекелік шараның шеңберінде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың

«Жаңа Қазақстанды» құру жолындағы маңызды бастамаларының бірі – жасанды интеллектті игеру мәселесіне арналған семинар ұйымдастырылды. Заманауи технологияның мүмкіндіктері туралы айтылған әрбір ой жиналғандарды терең ойға жетеледі. Тарих пен жаңа дәуір түйіскен осы басқосудан ардагерлер тың серпін алып, болашаққа сеніммен қарағаны анық.

Ардагерлер өз кезегінде партияның бүгінгі жұмысына оң бағасын беріп, ауылдың өркендеуіне қатысты ұсыныстарын ортаға салды.



Солардың бірі – елге еңбегі сіңген абзал жан, «Ауыл» партиясының ардагері Сәрсенкүл Смайлова. Ол мерекелік шарадан алған әсерімен бөлісе отырып, пікірін білдірді.

– Еліміздің түлденуі ауылдан бастау алады. Сол себепті еңбектеген баладан еңкейген қарияларымызға дейін осы ауылдың өркендеуіне күш салса екен дейміз. Мінекей, «Ауыл» партиясы аудан-ауылдан ардагерлерді жинап, «1 қазан – Халықаралық қарттар күніне» орай біздей елге еңбегі сіңген жандарды

елеп-ескеріп, құрмет көрсетті. Бүгінде облыс орталығында партияның алдағы уақытқа арналған жоспарлары мен қазір атқарылып жатқан жұмыстарға байланысты үлкен іс-шара өтті. Бұл жиында көтерілген мәселелер еліміздің, әсіресе, ауылымыздың көркеюіне үлесін қосады деп сенемін.

Одан бөлек, басқосуда жасанды интеллект туралы ұғыммен таныс болып, оның қалай жұмыс атқаратындығы туралы ақпарат алдық. Мен үшін бұл үлкен дамудың белгісі. Оны жақсы

бағытта және қажет жерінде қолдана білсек, жаңа технологияның жемісті болатыны анық, – дейді ол.

Осылайша, қарттар күні тек өткенді еске алып, ардагерлердің еңбегін ұлықтаумен ғана шектелмей, болашаққа бағдар сілтеген маңызды жиынға айналды. «Ауылдан басталған өркендеу – елдің еңсесін көтеретін күш» деген ұстаным бүгінгі мерекенің өзегіне айналып, жас пен кәріні ортақ мүддеге тоғыстырды.

Қорлан САРЫ

5 қазан – Дүниежүзілік мұғалімдер күні

Бексұлтан РЗАЕВ:

Мамандыққа қызықтырған адам — анам

Басы 1-бетте

– Білімімізше, ұстаздық жолыңыз осыдан 11 жыл бұрын басталған екен. Балалармен алғаш жүздескен сәт есіңізде ме? Мұғалімдікті таңдауға не түрткі болды?

– Мен бала кезімнен спортқа жақын болып өстім. Өрқашан қозғалысты, жарыс пен белсенділікті ұнаттым. Сондықтан да жоғары оқу орнына түскенде таңдауым дене шынықтыру және спорт мамандығына түсті. Бұл мамандықты игеріп, мұғалім болуды саналы түрде қаладым. Мұғалімдік жолды таңдауыма отбасымдағы тәрбие де ерекше ықпал етті. Шешем ұзақ жылдар бойы балабақшада, кейіннен мектепте алты жасар бүлдіршіндерге сабақ берген. Уақыт өте келе анам басқа жұмысына ауысқанымен, бұрынғы оқушылары оны көшеде көрсе де, түрлі жиын-тойларда кездессе де, әрдайым сәлем беріп, құрмет көрсетіп жүретін. Яғни мамандыққа қызықтырған адам менің аяулы анам. Сол сәттер маған ерекше әсер қалдырып, «мұғалім болу – үлкен мәртебе» деген ойды ерте санама сіңірді.

Студенттік кезімде де осы ой тереңдей түсті. Өзімнің куратор ағайымның қасында жүріп, талай азаматтың оған ізетпен иіліп, құрмет танытқанын көзіммен көрдім. Сол кезде мұғалім еңбегінің қадірін сезініп, бұл жолдың мән-мағынасын түсінгендей болдым. Оның үстіне өзім балажан болғандықтан, кішкентай шәкірттермен жұмыс істеу, олармен ойнап-қулу, бірге жаттығу өткізу маған айрықша ұнайды. Осы факторлардың барлығы менің жүрек қалауыммен ұштасып, мамандық таңдауда қателеспегеніме көзім жетті.

Әлі күнге жас маман кездерім кеше ғана болғандай көз алдымда. Ол кезде үлкен сынып оқушыларымен жұмыс істеу маған оңайға соқпады. Жасөспірім кезеңдегі мінез-құлықтары әртүрлі болғандықтан, кейде айтқан сөзіме құлақ аса қоймайтын. Ал бастауыш сынып оқушыларымен керісінше, барлығы өзгеше болатын. Олармен бірге жаттығу жасап, бірге ойнап, әр сабағымызды көңілді әрі қызықты өткізетінбіз. Балақайлардың кіршіксіз күлкісі мен шынайы ықыласы маған әрдайым күш-

Барлығымыз білетіндей, адам өмірінде қателеспеуі тиіс екі үлкен таңдау бар: бірі – жар таңдау болса, екіншісі – мамандық таңдау. Себебі бұл екеуі де адамның болашақ тағдырына, өмірінің мәні мен мазмұнына тікелей әсер етеді. Өз басым, таңдаған кәсібімнен еш қателеспегеніме көміл сенемін. Мұғалімдік – жүрегіме жақын, маған қуаныш сыйлайтын, өзгеге де пайдасы мол асыл мамандық.

– Жасанды интеллект дәуірінде ұстаздың орны қандай болуы тиіс деп ойлайсыз? Технологияның дамуы мұғалімнің қабілетін әлсірете ме, әлде керісінше, жаңа мүмкіндік бере ме?



– «Алты алаш баласы басын қосса, төр – ұстаздікі» деп халқымыз бекер айтпаған. Бұл сөздің астарында ұстазға деген халықтық құрмет пен биік баға жатыр. Шәкірт тәрбиелеп, білім нәрін дарытқан ұстаз әрқашан қоғамның тірегі саналған. Өйткені ұстаз – тек білім беруші ғана емес, ол – ұрпақтың бағыт-бағдарын айқындап, болашағына жол сілтейтін тұлға.

Қазіргі заманда технологияның қарыштап дамуы мұғалімдерге де үлкен мүмкіндік әкелді. Заманауи құрал-жабдықтар, цифрлық платформалар мен жаңа әдістемелер ұстаздың қабілетін арттырып, оқыту үдерісін әлдеқайда қызықты әрі нәтижелі етуге жол ашты. Дегенмен қандай заман, қандай технология болса да, ұстаздың жүрек

қазына. Сондықтан ұстаз да, шәкірт те тоқтамай ізденіп, уақыт талабына сай үнемі жетілдіріліп отыруы қажет. Балаға сапалы білім беру үшін ең алдымен өзіміз үнемі үйреніп, оқып, тәжірибе жинап, кәсіби тұрғыда шыңдалып отырамыз. Бұл – әрбір мұғалімнің парызы әрі қоғам алдындағы жауапкершілігі.

– Қазіргі балалардың зердесі мен білімге құштарлығын бұрынғы ұрпақпен салыстырғанда қалай бағалайсыз? Балалар жеткілікті түрде білімге зейін қояды ма, әлде кемшін тұсы көп пе?

– Әрине бұл дүниеде ешнәрсе де жүз пайыз идеал болмайды. Әр заманның баласы өз уақытына сай, өз дәуірінің талабына бейімделіп өседі. Бұрынғы кезеңде білім алуға мүмкіндік аз болды: бірінің жолын отбасылық жағдай тежесе, енді бірінің қолын материалдық қиындықтар байлады. Соған қарамастан, сол уақыттың балалары «оқысам, білсем, көрсем, жоқшылықтан құтылсам» деген асқақ арманмен өмір сүрді. Олардың білімге деген құштарлығы мен талпынысы бүгінгі ұрпаққа үлгі боларлықтай еді.

Қазір жағдай мүлде басқа. Бүгінгі оқушылардың мүмкіндігі әлдеқайда кең. Олар түрлі тілдерді еркін менгеріп, әртүрлі ақпарат көздерінен қажетті мәліметтерді оңай таба алады. Әлемдік білімге, жаңа технологияларға, заманауи құралдарға жол ашық. Соның арқасында балалардың ой-өрісі де кеңейіп, дүниетанымы дамып келеді.

Алайда осы жетістіктермен қатар кейбір кемшіліктер де жоқ емес. Әсіресе жоғарғы сынып оқушыларының кітап оқуға деген ынтасы төмендеп барады. Көбіне бос уақытын телефонға арнап, «TikTok», «Instagram» сияқты әлеуметтік желілерде өткізеді. Әрине технологиядан қашып құтылу мүмкін емес, бірақ оны орнымын пайдалану маңызды. Өкінішке қарай, көпшілігі уақыттың қадірін жете түсінбей, қолында бар мүмкіндікті дер кезінде көзге жарата бермейді. Ал шын мәнінде, жас кездегі уақыт – баға жетпес қазына. Арман-мақсатқа жетудің ең басты кепілі де – осы уақытты тиімді пайдалана білу.

– Сіз заман бала деген кім? Оқушыларға сабақ беруден бөлек, олардан сабақ алуға да болады емес пе? Кейінгі онжылдықта мектеп оқушыларымен жұмыс сізге не үйретті?

– Бала – біздің болашағымыз ғана емес, ең үлкен инвестициямыз. Әрбір адамның алған білімі ешқашан далаға кетпейді, қайта өмірінің түрлі кезеңінде пайдасын тигізіп отырады. Сол секілді біз бүгін балаларға берген біліміміз бен тәлім-тәрбиеміз ертеңгі күні олардың да, тұтас қоғамның да игілігіне қызмет ететіні сөзсіз.

Жас маман кезімде үлкен сынып оқушыларымен жұмыс істеу маған біраз сабақ болды. Олар әр қадамымызды жіті бақылап, жүріс-тұрысымызға, сөйлеген сөзімізге мән беретініне көзім жетті. Бұл маған үлкен тәжірибе болды: мұғалім ең алдымен өзіне сенімді болуы керек, дауысы анық шығып, сөзі нық айтылуы шарт. Сонда ғана бала сенің сөзіңді қабылдайды. Кейде әзілдеп жеткізу, кейде қатқылдау талап ету – бәрі де



педагогикалық шеберліктің бір қыры екенін түсіндім.

Осылайша әр күнгі тәжірибе мені шыңдап, ұстаздық жолымда өсуге мүмкіндік беріп келеді. Жалпы адам теория арқылы білімін толықтырып, практика арқылы дағдысын қалыптастырады, ал тәжірибе арқылы кемелденеді. Кез келген маман иесі үнемі ізденісте болуы тиіс. Өйткені мүмкін еместей көрінген дүниенің өзі әрекет етсең, қол жеткізетін мақсатқа айналады. Халқымыз «Өрекетке – берекет» деп бекер айтпаған. Шын мәнінде, кім еңбектенсе, Алла соған жемісін береді.

Білімге, өзін-өзі жетілдіруге жұмсалған әрбір қаражат пен уақыт ешқашан зая кетпейді, қайта бірнеше еселеніп қайтып келеді. Сондықтан жас кезде энергия барда аянбай еңбек ету қажет. Уақытында жасалған еңбек түбі берекеге жеткізеді, ал демалыс пен рахаттың өз сәті кейін міндетті түрде келеді.

– Бүгінгі білім бұрынғы кезге қарағанда біраз жаңғырды дегуге толық негіз бар. Алайда балалардың ақпаратты тез қабылдауы мен кейде үстірт менгеруі көп кездесетін жағдай. Осы мәселені шешуге арналған ұсыныстарыңызбен бөлісе кетсеңіз.

– Біздің басты мақсатымыз – ата-анамен бірлесіп отырып балаға қолайлы орта қалыптастыру, оны қоғамға пайдалы етіп тәрбиелеу, сапалы білім беру және заман талабына сай тұлға ретінде жетілдіру. Өйткені тәрбие мен білім – егіз ұғым. Екеуі қатар жүрсе ғана ұрпақ саналы болып өседі.

Қазіргі заман – ұйықтайтын емес, білім алатын, үздіксіз оқитын уақыт. Бүгінгі бәсекелі қоғамда озат болудың жалғыз жолы – тәрбиелі әрі білімді болу. Халқымыз «Білікті бірді, білімді мыңды жығады» дейді. Сол секілді мыңды жеңу үшін де ең алдымен ақыл, парасат және терең білім қажет. Сонда ғана біз озық елдермен тереземізді теңестіріп, өркениет көшінен қалмаймыз.

Балаға дайын дүниені қолына ұстата салу жеткіліксіз. Дайын балта бергенмен, ол өмірдің барлық қиындығын жеңе алмайды. Ал егер біз оған дұрыс жол көрсетіп, сапалы білім мен жаксы тәрбие берсек, кез келген биікті өз еңбегімен

бағындыра алады. Шәкірттің қолына қару емес, білім беру – ұстаздың да, ата-ананың да ең үлкен міндеті. Өйткені нағыз байлық та, нағыз күш те – білімде.

– Ұстаз ретінде болашақтағы арманыңыз қандай?

– Қарап отырсам, өз отбасымнан да артық уақытымыды шәкірттеріме арнайтын кезім көп екен. Себебі олардың жан-жақты дамуына жағдай жасау – менің басты міндетім. Жарыстарға бірге дайындаламыз, әртүрлі серуенге шығып, ойындар ұйымдастырамыз. Күнделікті сабақ үстінде де, сабақтан тыс уақыттарында да олардың уақытын тиімді әрі көңілді өткізуге тырысамын. Өйткені әрбір баланың күлкісі – мен үшін шексіз бақыт, ал олардың қуанышы – менің шабыт көзім.

Арманым көп. Тәуелсіз еліміздің көк байрағын желбіретіп, халқымыздың болашағы үшін еңбек ететін, парасатты да білімді азаматтарды тәрбиелесем деймін. Себебі мәңгілік ел құндылықтарын қастерлеп, ұлт мүддесін бәрінен биік қоятын жас ұрпақ өсіресек – ұстаз үшін одан асқан мәртебе жоқ.

Шын мәнінде, «Ұстаз болу – өз уақытын аямай, өзгенің бақытын аялау» деген қанатты сөздің түп-төркіні өте терең. Мұғалімнің еңбегі – оның шәкірттерінің жетістігімен өлшенеді. Баланың өмір жолындағы әрбір жеңісі мен табысының артында ұстаздың төккен тері, шыдамы мен мейірімі жатады.

Әрине мұғалім болу – қызығы мен қиындығы қатар жүретін ерекше мамандық. Басшылықтың талаптары, ата-ананың аманаты, балалардың қылығы, отбасы мен жеке өмірің, құжаттар мен есептер – бәрін бір арнаға тоғыстырып, үйлестіріп алып жүру оңай емес. Бірақ жауапкершілікті сезінген жан үшін бұл – қиындық емес, керісінше өмірлік мектеп.

Бес күн жалғанда бар уақытын сізге арнап, білім нәрімен сусындатқан, адам болуға бағыт берген сүйікті мұғалімдеріңіз болса, міндетті түрде уақыт тауып, хал-жағдайын сұрап, көңілін көтеріп қайтқаныңыз жөн. Бір кесе шай ішіп, шынайы ықыласпен амандасу олар үшін зор қуаныш болатыны анық.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Нұршат НЫШАНОВА



қуат беретін. Қазір де сол сезім өзгерген жоқ. Еңбек демалысына шықсам да, көп ұзамай оқушыларымды сағынып, қайта қауышуды аңсаймын.

жылуы мен шәкіртке деген сүйіспеншілігі ешқашан ескірмек емес.

Білім – адамға өмір бойы серік болатын

АҚ КҮРІШТІҢ АТАСЫ

Егін басы – қызу тірлік қайнаған,
Дихан ата шаруа қамын ойлаған.
Алтын дәнім – ақ маржаным жайқалған,
Еңбек – жарыс, қызған шағы айналам.

Сыр елінің Шиелідей шаһары,
Біледі жұрт Ыбырайдай атаны.
Дихан ата қошеметке бөленіп,
Еңбегімен шыққан еді атағы.

Жер иесі – жерді күтіп, баптаған,
Ертелі-кеш дихан тыным таппаған.
Ақ күріштің атасы деп Ыбырай,
Данқты ерді елі айтып, мақтаған.

Жеңіспен кеп ұлы еңбек сапардан,
Дархан дала дарабозы атанған.
Ел сенімін ақтағандар – ізбасар,
Диханшыдан үлкен алғыс, бата алған.

Егіншінің ерте таңы атады,
Басталады солай еңбек сапары.
Қазынаға темір тұлпар тасыған
Ақмаржаным, дән құйылып жатады.

Алтын дәнім – маржандай ақ күрішім,
Беріп жатқан жер байлығы – ырысым.
Мақтанышпен үлгі етіп айтады
Жахаевтай Еңбек ері ұлы ісін.

Еңлік МЫРЗАХМЕТОВА

АУЫЛ ҰЛЫ

Ауылдың ұлы мықты атқа мінген,
Даланың ой шұқырын жатқа білген.
Ізетті, түсінікті, мейірімді,
Кездері де аз емес такқа мінген.

Жүздері бар тотыққан күнге пісіп,
Бұйырғанын құрт, айран, сүттен ішіп.
Мінезі пос, ақсаусак болып өспейд(і),
Жүре беред(і) өзен, көл суға түсіп.

Өр қадамын қорықпай анық басар,
Ата жолын құрметтеп, танып басар.
Бәрі жүрген туысқан адамдар деп,
Даладай кең ойлар кеп қалыптасар.
Есік алды кең жазық ашық албар,
Қасиетін кішкентай жаста қамдар.
Бірінші қора жақа беттейді екен,
Немересін жетектеп ақсақалдар.

Бағытын ап іспен сөз сапасының,
Нанын жеп жапқан тапа апасының.
Ешкімді тастап кетпес өскен бала,
Батасын ап әже мен атасының.

Тақпайтын ешкімге де құр айыпты,
Жақсы сөз айтса болмас жыр айыпты.
Ауыл ұлы ауылдың исі сінген,
Биікке ұмтылуға лайықты.

ӘКЕСІН ҰРҒАН

Әке-шеше арқасында тонбаған,
Балапан құс қанат жайып қомдаған.
Түркістанның ауданында Шардара,
Әкесін ұрып өлтірген, бір оңбаған.

Қолтығынан демеген әр белесте,
Маңдайыңнан сыйпағаны елес пе?!
Әке деген жас кезінен қорғаның,
Әке деген асқар тауын емес пе?!
Пайда болып келген жоқсың, шығаннан,
Тірлігіңді көріп көңілі жұбанған.
Дүниеге ұлын келді дегенде,
Әке емес пен жаны шыға қуанған...

Қаны кайнап, бәрі кінә тағып жүр,
Ата-анаңа шыбын қонса, қағып жүр.
Әкесіне есек дейтін неменің,
Намаз оқып, асаба боп неғып жүр?!

Неге бұлай, сұрақ қойдык, оған мың,
Ызғар шашқан ашылуы тоғанның.
Әкімшілік қадағалау қай жақта,
Өлсіздігі дейміз бе бұл қоғамның?!
Өскен ұрпақ емес екен, панасыз,
Сәби өліп қалмайды ма, анасыз.
Әділдікпен тартсын, қатаң жазасын,
Не айтамыз ұрпақтарға, санасыз.

ЖАЙЛЫ УАҚЫТ

Кітап жазу үшін де, керек көлем,
Терең ойлар қиялда, алсын белең.
Әрі-бері қолымды сілтеп келем,
Отыз күнде жазам деп отыз өлең.
Токтамайды техника, болса майы,
Ойландырад(ы) қашан да елдің жайы.
Көсілтіп бір жазуға жайлы уақыт,
Қолың бастау кезі ғой, қантар айы,
Шөлдемейсің, кетпейді тамақ құрғап,
Малға шөпті саласың ырғап-ырғап.
Бір жағынан сүйікті қорғанасың,
Келе жатыр дейді ғой бөрі сырғақ.

Ел де тыныш, әйтеуір, біз де тыныш,
Жер де жатыр демалып, алып тыныс.
Өр нәрсеңіз өзіндік кезеңі бар,
Көктем шыға дүркіреп, кетер жұмыс.
Тірлік қана тып-тыныш бәсеңделген,
Жолдың бәрі асфальтпен төсемделген.
Негізі біздің ауыл кедей емес,
Көше жақсы, үйлер түр әсемделген.
Уайымсыз қазір жұрт, көз іледі,
Кімге қандай несібе кезігеді.
Кішілерге ізет қып сөздеріммен,
Үлкендерге құрметім сезіледі.
Қатарыңмен ойна да, күл десетін,
Заман қайда барады, біл десетін.
Жас үлкейіп жатқанмен, жүрегін сол,
Сыбдырымен ағаштың тілдесетін.

Байрон ЕСЕНБАЙ

ОҚУШЫ ОЙЫ



ҚЫЗЫЛОРДА – ЖАҢА ИДЕЯЛАРДЫҢ ҚАЛАСЫ

Қазақ даласының әр өңірі өзіндік тарихымен, ерекше көрінісімен дараланады. Солардың арасында Сыр бойы – елдің ежелгі рухани орталығы, талай тарихи оқиғаның куәсі болған қасиетті мекен.

Биыл Қызылорданың астана атанғанына да, халқымыздың асыл «қазақ» атауының ресми түрде қайтарылғанына да 100 жыл толып отыр. Бұл мерейтой – ел тарихындағы ең маңызды беттердің бірі. «Сыр – Алаштың анасы» деген қанатты сөз бекер айтылмаған. Себебі Қызылорда – қазақтың тарихы мен тағырын тоғыстырған қасиетті орда.

1925 жылы 15 сәуірде Ақмешіт қаласы Қазақ автономиялық республикасының астанасы болып жарияланды. Сол кезден бастап қала «Қызылорда» атауын иеленді. Бұл шешім тек әкімшілік өзгеріс ғана емес, ұлттық санадағы үлкен жаңғырудың бастауы болды. Қызылорда астана болған тұста қазақ зиялылары Сәкен Сейфуллин, Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Ораз Жандосов, Темірбек Жүргенов сынды қайраткерлер халықты жаңа жолға, жарқын белестерге жетеледі. Осы жылдары ұлттық мәдениетке, білімге, ғылымға қатысты бірнеше бастама көтерілді. Қалада алғашқы мемлекеттік театр, баспа ісі, білім ошақтарының іргесі қаланды.

Қызылорда – қашан да өнер мен мәдениеттің ордасы болып қалады. 1930 жылдары алғашқы қазақ театры құрылып, кейін ол қазіргі Қызылорда облыстық Н.Бекежанов атындағы драма театрына ұласты. Сыр топырағынан шыққан Тұрмағанбет Ізтілеуов, Әбділді Тәжібаев, Әбіжәміл Нұрпейісов, Әбіш Жиреншин, Қалтай Мұхамеджанов секілді әдебиет алыптары қазақ әдебиетінің қорын байытты.

Қаланың баспасөз тарихы да қуатты. Осы өңірде «Сыр бойы» газеті халыққа рухани азық

болып келе жатқанына ғасырдан асты. Газетпен бірге талай қаламгер өсіп шықты. Соның ішінде Қомшабай Сүйенішов, Айжарық Сәдібекұлы, Жақсылық Рахматулла, Әскербек Рахымбеков сынды көптеген ардақты журналистің еңбегі ұрпаққа үлгі-өнеге.

Сонымен қатар, қаламызда «Сыр медиа» атты ең ірі бұқаралық ақпарат құралдарының орталығы орналасқан. Бұл мекеме облыстағы барлық газет-журналдың жұмысын үйлестіріп, халыққа маңызды жаңалық жеткізуде үлкен рөл атқарады. Мұнда заманауи баспахана, журналистерге арналған редакциялар орналасқан. Әрі ол жерде өңірлік журналистиканы дамытуға арналған іс-шаралар, түрлі жоба мен оқыту курстары да өтіп тұрады.

Ал «Анаға тағзым» орталығы ұлттық салт-дәстүрді ұлықтап, ананы қадірлеуге үндейтін бастамаларымен жастардың қызығушылығын тудырады.

Жаңадан ашылған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясында да жас-өспірімдердің дарынын дамытып, арман-мақсаттарына жол ашатын түрлі үйірмелер арқылы көпшіліктің қолдауына ие болуда.

Сол секілді облыстық тарихи-өлкетану музейіне барсаңыз, Сыр өңірінің өткен тарихымен, бай мәдениетімен жақын танысуға мүмкіндік туады.

Қызылорда қаласының сол жағалауында 11 мың адам сиятын жаңа стадион салынып жатыр. Мұнда футболшыларға барлық жағдай жасалған. Арнайы жаттығу алаңы, жуынатын жер, киім ауыстыратын бөлмелер бар. Сондай-ақ, төрешілер мен бапкерлерге арналған кабинеттер, ем жасайтын массаж бөлмелері қарастырылған. Жаңа стадион – маңызды нысан. Бұл алаң жастардың спортқа қызығушылығын арттырып, спорттың дамуына жол ашады. Әрине, мұнымен әлі біткен жок.

Қаламызда «Келешек мектептері» жобасы бойынша жаңа мектеп ашылды. Бұл – өңірде алғаш рет салынған жалпы орта білім беретін мектеп. Мұнда цифрландыруға мән берілген, ерекше қажеттілігі бар балаларға жағдай жасалған, ал бөлмелері әртүрлі мақсатта қолдануға ыңғайлы.

Бүгінгі Қызылорда – жастардың, жаңа мүмкіндіктердің қаласы. Кейінгі жылдары қалада білім мен ғылымға айрықша көңіл бөлініп келеді. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, аймақтық колледждер мен білім орталықтары мыңдаған жасқа жол ашып отыр. Қалада жастар ұйымдары, еріктілер қозғалысы, мәдени-білім беру жобалары қарқынды дамуда. Спорт саласында да Сыр жастары ел мерейін асырып жүр.

Тәуелсіздік жылдары Қызылорда бұрынғыдан да көркейіп, жаңа келбетке ие болды. Қаланың сәулеті жаңарып, жаңа тұрғын үй кешендері, мәдени орталықтар, спорт сарайлары бой көтерді. Халықаралық «Байқоңыр» аумағы жақындығы да өңірдің мәртебесін арттырды. Экономикада мұнай, уран, құрылыс материалдар өндірісі дамыды. Сырдың суы мен егін даласы халықты асырап отыр.

Қызылорда – қазақ тарихының алтын қазығы. Мұнда астана да болды, қазақ атауы да қайтарылды, мәдениет пен руханият та гүлденді. Бүгінгі уақытта Қызылорда – өзінің тарихын мақтан тұтып, болашағына сеніммен қарайтын жастардың, жаңа идеялардың қаласы. Қызылорда- ны құндылықтар қаласы деп атауға да болады.

Туған жерім – Қызылордамды қатты жақсы көремін. Осы қалада туғаныма қуанамын. Жайнай бер, жасай бер – Қызылордам!

Ақнұр АЙЖАРЫҚ,

Рахымжан Әліұлыстанов атындағы жеке мектептің 11-сынып оқушысы.
Қызылорда қаласы



пен адамгершілік қағидаттарының қоғам дамуы мен ел бірлігіне ықпалын атап өтті.

Президенттің «Шын мәнінде, біз айтып жүрген әділетті Қазақстанды адал азаматтар құрады. Бұл – бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар» деген сөзіне сүйене отырып, қатысушылар адал еңбектің, парасаттылық пен әділеттіліктің ел болашағындағы рөліне тоқталды.

Кездесу соңында адалдық пен әділеттіліктің насихаттау – әрбір азаматтың парызы екені айтылды.

«АЖ-ақпарат»

«БЕС АСЫҚПЕН» БАҒЫНДЫРҒАН БЕЛЕСТЕР

Ұлттық ойындарымыздың философиялық мәні жоғары.

Олардың әрқайсысы адам баласының бойындағы ерекше қабілеттерді оятады.

Әсіресе, асық ойының түрлері ерекше мәнге ие.

Бірі логиканы дамытса, енді бірі дәлдікті, мергендікті үйретеді. Тағы бірі – физика ғылымдарының әліппесін ашады. Соның ішіндегі бесасық ойыны бүгінде орта білім беретін мектептер арасында ерекше дамып келеді.



Өзім ұстаздық ететін Иван Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінде бесасық ойынын дамыту жолға қойылған. Ұлттық мектеп лигасының қалалық кезеңінде біздің шәкірттеріміз қашан да алдыңғы орында. Тұғырға қонып, жетістік

желкенін керіп жүр. Ал облыс бойынша II орын еншілеп, үздік үштікті түйіндеп, III орынға да табан тіреуде. Ал арамыздан үздік шыққан оқушымыз республикалық «Алтын сақа» олимпиадасында I орынның биігін бағындырды.

Мектеп қабырғасында осы ойын-нан бағы жанып, талай шыңды еңсерген шәкіртіміз, бүгінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті Жәнель Абдуғали мектепте оқып жүргенде республикалық «Алтын сақа» олимпиадасында II орын жүлдегері атанды. Анель Болатбекқызы, Жания Мейрамбекова, Көркем Кемел тәрізді оқушыларымыз Ұлттық мектеп лигасында үнемі I орын олжалап келеді. Жалпы айтқанда, 7-8 жылдан бері қалалық кезеңдегі сайыстарда бірінші болып жүр. Қазақстан чемпионатының облыстық кезеңінде де олжасыз оралған емес. Бүгінде мектеп қабырғасындағы үйірмеге 12 оқушы қатысады.

Әлбетте, мұның барлығы тынымсыз ізденіс пен маңдай тердің,

ақ, адал еңбектің арқасында қол жеткізген жетістіктеріміз. Осы бағындырған белестерді өзгерлермен бөлісу мақсатында бесасық ойыны бағытында облыстық деңгейде ашық сабақ өткіздім. Қалалық деңгейдегі шеберлік сағатында да тәжірибе жинаймын, тәжірибе алмасамын дегеннің әрбіріне жақсы дүние болды. Оны әріптестерімнің берген бағасынан білуге болады.

Қазақта «Ойынды ойлап ойнап, санамен ұт» деген керемет сөз бар. Асық ойынының әрбір түрінде де осы ұстаным кездеседі. Әсіресе, бесасық ойынында балалардың ойлау қабілетін арттыруға, логиканы дамытуға және мергендігін сынауға, шапшаң шешім қабылдауға үйрететін қырлар жетерлік. Ойынның әдепкі түрінде бес тас арқылы ойнаған. Домалақ тастарды жоғары атып, жердегі қос тасты алу немесе бір уыс тасты белгілі межеге қойып, шеберлікті сынау арқылы балалардың саусақ бұлшықеттерін шынықтырумен қатар, олардың есептік және логикалық қабілеттерін дамытқан.

Жоғарыда айтып өткендей, балалар бұл ойын арқылы мергендік қасиеттерін ғана емес, жылдам шешім қабылдау қабілеттерін де шыңдайды. Бұл ойындардың тағы бір артықшылығы – әр баланың дара тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға үлкен үлес қосыады.

Үміт ЕСЕНДІКОВА,
И.Панфилов атындағы
№5 мектеп-лицейдің мұғалімі



ҚОС БАЛУАН ЧЕМПИОН АТАНДЫ

Жерлесіміз Айдос Сұлтанғали грек-рим күресінен Хорватияның Динамо Загреб қаласында өткен Әлем чемпионатында жеңімпаз атанып, қазақ жұртын қуантты. 26 жылдан кейін қазақ еліне алтын медаль сыйлаған палуанның Сыр елінен болғанының өзі үлкен мақтаныш. Жұырла Айдостың ізінен ерген ізбасарлары чемпионның ізін жалғап, жеңіс төрінен көрініп, аймақ мерейін үстем етті.

Нақтыласақ, 25-27 қыркүйек күндері Қарағанды қаласында ҚР VI Жастар спорт ойындары өтті. Еліміздің үздіктері бас қосқан бәсекеде 55 келі салмақ дәрежесінде сынға түскен Әмірмұхаммед Кабулов пен 60 келіде өнер көрсеткен Алпамыс Болатұлы қарсыласына шақ келтірмей, алтыннан алқа тақты.

– Біз үшін кез келген бәсеке маңызды. Басты мақсат – жеңімпаз атану. Жаттығуда бас алмай, күні-түні енбек етсек, өзіміз армандаған Әлем чемпионаты мен Олимпиада ойындарында топ жарамыз, – дейді қос балуан.

Осылайша, Қызылорда облысының командасы жалпы есепте үздіктер қатарынан көрініп, II орын иеленді. Жаттықтырушылар – Бахтияр Төлебаев, Алмат Ауешов, Мейірман Әлизақтар шәкірттерінің болашақта Әлем, Олимпиаданы бағындыратынына сенеді.



Басы 1-бетте

Бұл жеңіліс үшін көпшілік қазақ футболына серпіліс алып келген «Қайрат» командасына ренжімейді. Керісінше, Чемпиондар лигасын 15 мәрте иеленген Еуропаның алпауыт командасын елімізге алып келгеніне рақмет айтады. Иә, іштей «доп домалақ» деп жеңістің дәмін татқымыз келгені рас. Бірақ, Еуропаның басты доп додасында енді ғана тұсауы кесілген команда үшін бұл бірден бола қоймасы анық. Жә, ойын туралы айта береміз ғой. Ең алдымен турнир жайында сөз қозғайық.

«ҚАЙРАТ»: ЖАНКҮЙЕРЛЕР АРМАНЫНА ЖЕТКІЗГЕН КЛУБ

№1 доп додасы

Иә, UEFA Чемпиондар лигасы – Еуропадағы ең беделді турнир. Ойын аумағы Еуропа құрлығын қамтығанымен, жанкүйерлердің белгіленген шекарасы жоқ. Әсіресе, финалды әлем бойынша жүздеген миллион көрермен тамашалайды. Өткенге шегінсек, турнирдің тарихы сонау XX ғасырдың ортасынан басталады. Алғаш 1955 жылы «Еуропа чемпиондары кубогы» деген атаумен басталған турнир кейіннен 1992 жылы UEFA Чемпиондар лигасы болып өзгерді. Бұл кезеңде жарыстың форматы да жанарып, топтық кезең енді. Ал 2000 жылдардан бастап турнир әлемдегі ең танымал спорттық шаралардың біріне айналды.

Ең қызығы, Чемпиондар лигасы тарихындағы алғашқы жеңімпаз және жеңіс тұғырынан ең жиі көрінген команда – «Реал Мадрид». Аталған клуб 1956-1960-жылдары қатарынан бес рет жеңіске жетті. Бүгінде мадридтік команда Чемпиондар лигасының 15 дүркін чемпионы атанып, ешбір клуб қол жеткізбеген рекорд орнатып отыр. Құрамында жаһандық деңгейдегі футбол әлемінің жұлдыздары ойнайтын команданың қаржылық әлеуеті де орасан екенін атап өткен жөн. Сарапшылардың бағамдауынша, «Реалдың» жылдық бюджеті, тіпті кейбір ұлттық федерациялардың мүмкіндігінен әлдеқайда асып түседі. Осыдан-ақ қарсыласың қандай деңгейде екенін бағамдай берсек болады.

Қонақ қабылдауға қандаймыз?

Осы тұста «Қазақстан Еуропа клубтарын қабылдауға дайын ба?» деген сауал туындайтыны заңдылық. Кеше бір ойынды тамашалап көрдік қой. Ал қалғаны қалай болады? UEFA Чемпиондар лигасы аясында өтетін алдағы матчтар «Қайраттың» Еуропа алдындағы имиджіне, қазақ футболының халықаралық аренадағы беделіне қалай әсер етуі мүмкін?

Орталық стадионда ұлттық құрама мен «Қайраттың» талай тарихи ойындары өткенін білеміз. Алайда Алматыдағы алаңда осыған дейін халықаралық кездесулер болса да, Чемпиондар лигасы деңгейіндегі матчтарды өткізу үшін стадион қатаң талаптарға сай келуге тиіс. Орталық стадион шамамен 23 мың көрерменге есептелген. Бұл қалыпты көрсеткіш болып көрінгенімен, Еуропадағы танымал клубтар ойнайтын арена-лардың сыйымдылығы 70-80 мыңнан асады.

Көршілес мемлекеттерге көз салып қарасақ, мәселен Әзербайжан астанасы Бакуда 2015 жылы ашылған «Baku Olympic Stadium» 70 мың адамға арналған. Ауқымды арена зубаста UEFA, FIFA, IAAF стандарттарына сай жобаланған. Ал өзбек халқының ең үлкен арена-ларының бірі – Ұлттық стадион 34 мың орыннан тұрады. Одан бөлек, қазір Қырғызстанда 50 мыңнан астам көрерменге арналған стадион салынып жатыр.

Кейінгі жылдары Орталық стадион бірнеше рет жөндеуден өтсе де, барлық талапқа бірдей жауап бере алады деп айту қиын. Бұл тек мегаполисте емес, республика бойынша спорт инфрақұрылымына қатысты түйіні тарқамаған түйткілдердің барын көрсетеді. Сонымен бірге Чемпиондар лигасының матчын қабылдау алдында стадионның ауқымы мен толыққанды жабдықтауы ғана емес, әуежайдан бастап қонақүйге дейінгі логистика, жанкүйерлерді орналастыру, қаладағы қауіпсіздік мәселесі де айтарлықтай маңызды орынға ие. Осы тұрғыдан қарасақ, Алматы үлкен сынақ алдында тұр.

Алматыдағы стадион мәселесіне қатысты берген жауабында Туризм және спорт вице-министрі Серік Жарасбаев матч алдында барлық ескерту ескерілгенін мәлімдеді. Ескертулер негізінен алаңның жағдайына, трибуналарды жабдықтауға және ойынды қадағалайтын UEFA өкілдеріне арналған арнайы орындардың әзірленуіне бағытталған. Оның сөзінше, Алматыда бір емес, төрт матч өтетіндіктен, «Қайрат» футбол клубы стадионды өз қаражаты есебінен ретке келтірген. Алматы қаласы спорт құрылыстары дирекциясы орындықтарды ауыстыру мен қалпына келтіру, аумақты абаттандыру жұмысы жүргізілгенін, бұрын санитарлық-гигиеналық



тораптарда жеңіл-желпі жөндеу жүргізілсе, қазір олар күрделі жөндеу жұмысынан өткенін жеткізді. Сонымен дирекция өкілдері Чемпиондар лигасының матчтарын өткізуге Орталық стадионның сақадай сай екенін айтты.



Қайраттың қауқары қандай?

Биыл ғана турнирде алғаш бақ сынаған «Қайраттың» бәсекеге қатысуы оңай болған жоқ. Плей-офф ойындарында Словенияның «Олимпия Любляна» командасын, Финляндияның «Купе» аяқдошыларын, Словакияның «Слован Братиславасын», Шотландия чемпиондары «Селтик» жігіттерін тізе бүктіріп, қазақ жанкүйерлерінің төбесін көкке жеткізді.

Осылайша тарих беттеріне есімін таңбалап, басты бәйгеге бас қойды.

Турнирдің ережесі бойынша «Қайрат» 8 командамен кездесіп, ұпайға таласады. Оның төртеуімен үйде кездессе,

қалғанына

қонаққа барады.

2 апта бұрын

«Қайрат» футбол клубы

Чемпиондар лигасының

жалпы кезеңіндегі алғашқы

кездесуін Португалияның

Лиссабон қаласында өткізді.

«Спортинг» командасына қарсы

матчта 4:1 есебімен есе жіберді.

Десек те, алғашқы ойынның

өзінде команданың 18 жастағы

қақпашысы Шерхан Қалмұрза

Еуропаның назарына ілініп, турнир

тарихында пенальти қайтарған

ең жас екінші ойыншы атанды. Ал

кешегі «Реал Мадридпен» өткен

кездесуде ұпай жоғалтқанымыз тағы

бар. Енді алда үш бірдей ойынды өз алаңында өткізеді. Нақтырақ айтсақ, «Пафос», «Брюгге», «Олимпиакос» командалары елге келеді. Сондай-ақ, ағылшындардың зеңбірекшілері «Арсеналға», Италияның үздіктері «Интерге», Данияның «Копенгагеніне» қонаққа барады. Қалай ойлайсыз, «Қайрат» қанша ұпай қанжығалайды? Плей-офф ойындарына жете аламыз ба?

Турнирде топ жарамыз ба?

Белгілі журналист, спорт комментаторы Есей Жемісұлы жалпы кезең бойынша өтетін матчтарға байланысты негізгі мәселе – «Қайраттың» қай алаңда ойнаса да, бастысы гол соғып, Қазақстанның қоржынына ұпай салуға, үздік 24 команданың қатарына енуге тырысуы керек екенін алға тартты. Одан бөлек, журналист алматылық командаға қатысты ойландыратын мәселе бар екенін де жеткізді.

– «Қайрат» командасы Чемпиондар лигасының жалпы кезеңіне шығуға әбден лайық. Сондықтан біз жарыстың негізгі кезеңіне шығып алып, «Қайрат» қарсыластарына түгел ұпай тартып береді және матчқа қатысқаны үшін риза болады десек, өз рухымызды түсіргеніміз болып саналады. «Қайраттың» қазіргі құрамы мен тактикалық мүмкіндіктері кез келген командаға төтеп бере алады. Сондықтан қарсыластар испан, португал немесе кипрлік команда болса да, жанкүйер ретінде ешқайсысынан қорықпаймын. Ең бастысы «Қайрат» ішкі қиындықтарды еңсере отырып, мұндай ойындарға жігермен шыкса екен деймін.

Әрбір ойын бапкердің шешіміне және қандай тактика қолданатынына байланысты. Бұл тұрғыда Рафаэль Уразбақтинге сенемін. Алайда «Қайратта» бір ғана алаңдататын мәселе бар. Ол – ізбасарлардың аздығы. Мәселен, қазір клубтағы екі бірдей қақпашымыз жарақат алды. Енді олардың орнына алдағы маңызды кездесулерде 18 жастағы Шерхан Қалмұрза ойнауға тиіс. Сондықтан бұл мәселеге келгенде клубқа жастар командасындағы балаларды тартуға тура келеді. Бірақ «Қайраттың» барынша кадрлық мәселелерге тап болмай-ақ қоюын тілейміз, – деді Е.Жемісұлы.

Расында «Қайраттың» турнирдегі жолы оңай болмай-тыны анық. Оның үстіне ішкі біріншілікте чемпиондыққа таласып келе жатқан олар үшін әр ойын маңызды. Сол секілді әлемнің басты доп додасында да қоржынға ұпай салу бір сәт естен шықпаса емес. Мұндайда тек жанкүйерлердің қолдауы қажет.

Билет бағасы көңіл көншіте ме?

UEFA бекіткен ойындар кестесі шықты. Жанкүйерлер ойындарды асыға күтіп, «Реал Мадридпен» кездесу күні белгілі болғанда барлығы билеттің шығуын тасты. Уақыты келіп, қуанамыз ба дегенде билет бағасы уайымдатып қойды. 30 мыңнан басталған баға 250 мыңға жетті. Осы екі арада алыпсатарлардың саудасы қызды. Бірақ сондада жанкүйерлер Орталық стадионды толтырды. Спорт журналисі Аслан Қаженовтың айтуынша, Чемпиондар лигасының жалпы кезеңі аясында өтетін алдағы матчтар шағын бизнес иелерінің кәсібін дөңгелетуге қолайлы жағдай туғызады.

– Билет құны салыстырмалы түрде қолжетімді болды. Себебі осыған дейін билет бағасы 500 мың теңгеге дейін жетугі мүмкін деген болжамдар айтылды. Бұл Чемпиондар лигасының ойыны болғандықтан, 30 000-250 000 теңге аралығы лайықты баға деп ойлаймын. Билет сатылымынан келетін қаржы «Қайраттың» қазынасына түседі. Қаражат клубтың «жыртығын жамауға» көмектеседі, – деді ол.

Рас, билет бағасы біраз дау туғызды. Десек те, жанкүйерлер бұл ойынды көру үшін ештенеге



қарамады. Осы тұста ойынды тамашалауға барған бірсыпыра көрерменнің өзіміздің «Қайратқа» емес, қонақтарға болысқаны көңілге қаяу ұялатты. Әрбір голға қуанып, біздің жігіттер шабуылға лап қойғанда үнсіз отырғаны ұялатты. Одан бөлек футболға деген мәдениетіміздің төмен екенін де жасыра алмаймыз.

Түйін. Мейлі «Қайрат» жеңсін, не жеңілсін – тарих жасады. Алғашқы 2 ойынмен жеңілдік деуге болмас. Алда әлі 6 маңызды ойын күтіп тұр. Егер солардың төртеуінде ұпайдан шашау шығаратын болсақ, үздік 24 команданың қатарына ілінуге болады. Ал одан кейін сәттілік серік болсын деп, тосын ғажайыптарға сенеміз.



ҚҰРМЕТТІ ФУТБОЛ ЖАНКҮЙЕРЛЕРІ!

Көптен күткен Қызылорда қаласындағы жаңа стадионның ашылу рәсімінде еліміздегі ең ауқымды футбол матчы Ордабасы – Тобыл арасындағы Қазақстан кубогының финалды кездесуі өтеді.

Футбол жанкүйерлерін Сыр еліндегі бірегей нысанда асыға күтеміз!

Кеш қонақтары Sadraddin, Bellucci

Өтетін күні: 04.10.2025

Уақыты: 18.00

Сыр еліндегі футбол мерекесін жаңа атмосферада бірге тамашалайық!

«ТУҒАН КҮН»

БЕ, ӘЛДЕ

«ТУҒЫЛҒАН КҮН»

БЕ

Қазақ тілінде кейінгі уақытта «туған күн» мен «туылған күн» тіркесінің аражігі ажыратылмай, балама нұсқа ретінде қолданылып жүр. Әлеуметтік желі қолданушылары бүгінде үш пікірге бөлінген: бірі – «туған күн» тіркесі дұрыс десе, екінші топ – ана баланы туады, бала туылады. Сондықтан «туылған күн» тіркесі дұрыс деп есептейді. Үшінші топ, тіпті екі нұсқаны да дұрыс санайды. Сонымен қай пікір дұрыс?

Қазақ тілінің грамматикасына сүйенетін болсақ, туатын – ана, туылатын – бала, туылу – ырықсыз етіс. «Ыл» жұрнағы өздігінен болған іс-әрекетке ғана жалғанады. Ырықсыз етіс жұрнағының бұл сөзге жалғануы орынсыз. Мысал келтіргеннің өзінде сөбі өздігінен туылмайды. Ана дүниеге әкеледі. Қазақ тілінің грамматикасы бойынша «туған күн» тіркесі дұрыс.

Филология ғылымдарының докторы Мұхтар Мағауиннің «Туылған мен өлінген» атты мақаласында «туылған» тіркесін қолданушыларды өткір сөзбен сынайды. «Туылғанға» дауа жоқ екен. Ендеше, келесі саты — «өлінген!». Адам әдетте өз ырқымен өлмейді ғой. Ауру-сырқау ма, көлденең пәле немесе апшық пен кәрілік пе — «өлінеді!». Абай: «Адам жылап туады, кейіп өледі» деп еді, ал күні кешегі Қасым: «О дариға, алтын бесік туған жер!.. Сенде тудым, сенде өстім мен, сенде өлсем, — Арманым жоқ бұл дүниеде дер едім...» — деу мүлде қате: «... Жылап туылады, кейіп өлінеді», «Туылған жер... Сенде туылдым, сенде өлінсем...» — деп айтулары шарт екен. Филолог осылай деу арқылы екі тіркестің аражігін ажыратуда сарказм қолданады. Сөз соңында М. Мағауин: «Сонымен, қыжыртайпай айтсақ, «туылған» — тіл мәдениетінің айна катесіз жана бір өлшемі: «туылған» жүрген жерде сауат та, түйсік те жоқ, кара каска надандық қана бар. Ең сыпайы сөзіміз деп біліңіз», — деп қорытындылайды.

Қазақ тілінің грамматикасы мен Мұхтар Мағауин «туған күн» тіркесін дұрыс деп санаса, бұл орайда академик Рәбиға Сыздық: «Бұл күнде туды, туылды деген жарыспа қатардың қолданыстары пікір таласын тудырып келеді. «Пәленше пәлен жылы туды» деп айтылып келген сөйлемді «туылды» деп жазу активтеніп барады. Егер тілдік жүйеге сәйкестікті қуаласақ, туылды тұлғасы дұрыс: туатын — ана, туылатын — бала. Туылу — ырықсыз етіс», — деп пікір білдіру арқылы «туылған күн» тіркесі дұрыс деуші екінші топтың сөзін алға тартады.

Дегенмен сын сөзбен қарасақ, «туылған» тіркесі дұрыс болса, онда «туған-туысқан» тіркесінің дұрыс — «туылған-туысқан». Себебі тек бала туған адамдар ғана туысқан болмайды. Балалы адам да анадан туылады. Бұл тұста ер азаматтарды қайтпекпіз? «Туған бауырым», «туған тіл» тіркестерін «туылған бауырым», «туылған тіл» деп айта алмаймыз. Сонда «туылған күніңмен» тіркесі қайдан шықты?

Түркі тілдес халықтардың даулы тіркесті қалай айтатынына назар аударайық. Қырғыз тілінде «туулған күн», ұйғырша «туғулған күн», өзбекше «туғулган кун». Аталған тілдермен қоса, қазақ тілі де тіркі тілдес топтарының ішінде қыпшақ тілдер тобына жатады. Қазақ тіліне «туылған күн» тіркесі туыстас тілдерден енген деседі.

Айдана ЕДІЛБЕКҚЫЗЫ



Осы асыл өнерді қайта жаңғыртып, жас буынға аманаттау мақсатында Сыр өңірінің ғасырлық мерейтойы аясында Қызылорда облысы «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының ұйымдастыруымен, Қызылорда қаласы әкімдігінің қолдауымен «Сыр шеберлерінің жұлдыз құрағы» атты ерекше мәдени іс-шара өтті. Бұл жиын — тек көлөнерді дәріптеу емес, ұлттық құндылықтарды насихаттап, ел руханиятына серпін берген тағалымды басқосу болды. Мұнда өңірдің таңдаулы 30 шебері бас қосып, 100 құрақ көрпе тікті.


Сыр бойы ежелден-ақ қазақ өркениетінің ордасы саналады. Мұнда ғасырлардан аман жеткен ұлттық өнер мен дәстүрлі мәдениет бүгінге дейін өз құндылығын жоғайтпаған. Осы тарихи сабақтастықты айшықтай түскен мерекелік жиынға қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев қатысып, өңір мерейтойының мәніне тоқталды.

— Облыс орталығының мерейтойы аясында ұйымдастырылған «Сыр шеберлерінің жұлдыз құрағы» атты мәдени-танымдық шара — халқымыздың бай мұрасын, ұлттық өнерін және көлөнер шеберлерінің талантын дәріптейтін маңызды алаң. Сыр елі — терең тарихы мен бай мәдениеті арқылы еліміздің, мемлекетіміздің қалыптасуына үлес қосқан өңір. Сондықтан бүгінгі іс-шараның маңызы ерекше, — делі ол.

Жиынға жүзден артық шебердің ортақ іске атсалысуына түрткі болған, көпшілікке ұлттық өнерді насихаттап жүрген белгілі көлөнерші, «КИНЕС» Қазақстан Рекордтар кітабына «Аламан» құрақ көрпе жобасымен енген Ұржамал Жайбергенова да қатысып, қала әкімінің атынан арнайы алғыс хат табысталды.

Шеберлердің еңбегін елеп, шығармашылығын қолдау — ұлттық мәдениеттің дамуына жол ашады. Осы орайда Ұржамал Әбдібайқызы да ризашылығын білдірді.

— Жұлдыз құрағы — халқымыздың ынтымақ пен татулығының, еңбектің, шабыттың белгісі. Бұл атауды иеленген мерекелік іс-шара елге қуаныш сыйлап қана қоймай, болашаққа бағдар болатын рухани тірекке айналары сөзсіз, — делі ол.



КОЛӨНЕР – КӘСІП ПЕН ҰЛТТЫҚ КОДТЫҢ ТОҒЫСЫ

Мерекелік сәтте сөз алған облыстық Кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхаммед Сыздық ұлттық құндылықты кәсіппен сабақтастыру мәселесіне тоқталды. Оның айтуынша, көлөнерді заңды кәсіпке айналдыру — тұрмыстық қажеттілікті өтеуден бөлек, ұлттық кодымызды сақтауға да қызмет етеді. Яғни әрбір құрақ көрпе, әрбір колмен жасалған бұйым — қазақ болмысының айнасы.

ШЕБЕРЛЕРДІҢ ӨНЕР ЖӘРМӨҢКЕСІ

Толық бір күнді қамтыған бұл мәдени мерекеді жүзден астам шебер өз қолынан шыққан құрақ көрпелерін, тұрмысқа қажетті бұйымдарын және сәндік әшекейлерін көпшілік назарына ұсынды. Әрбір туындының өрнегінде халықтың өткені, тұрмыс-тіршілігі, табиғатпен етене байланысы бейнеленгендей әсер қалдырды.

100 ҚҰРАҚ: ҚҰРАҚ ӨНЕРІН ҰЛЫҚТАҒАН СЫР ӨңІРІ

Қай халықтың тарихына үңілсек те, оның рухани көлбетін айқындайтын басты белгілерінің бірі – өнері. Қазақ халқы да ғасырлар бойы тұрмыс-тіршілігіне сай өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас еткен бай мәдениетке ие. Солардың ішінде құрақ құрау – тек тұрмыстық қажеттілікті өтейтін көлөнер емес, халқымыздың дүниетанымы мен талғамын паш ететін ерекше қазына. Әрбір құрақтың қиындысында халықтың өмір салты мен ойлау жүйесі, бірлікке деген ұмтылысы көрініс тапқан.

Бір қарағанда жай ғана құрақ көрпе секілді болғанымен, әрбір өрнек халық жадындағы терең тарихтан сыр шертетініне күмән жоқ.

Көрме қонақтарға да ерекше әсер сыйлады. Киіз үй ішіндей жылылық сыйлаған, көңілді жалдыратқан бұл көрініс — шеберлер үшін мәртебе, ал көрермен үшін рухани азық болды.

«Сыр шеберлерінің жұлдыз құрағы» — қарапайым бас қосу емес, ұлттық мәдениетіміздің мерейін үстем еткен айтулы сәт. Бабадан жеткен осы асыл өнерді көлөнер шеберлері ғана емес, әр қазақтың қастерлеуге тиіс. Өйткені ұлттың рухани байлығы — оның мәңгілікке қалдыратын ең асыл қазынасы.

Ұрпаққа аманат болған құрақ өнері — сұлулық пен үйлесімнің ғана емес, береке мен



ынтымақтың
мәңгілік
нышаны һәм
белгісі болып қала
бермек.

Нұршат НЫШАНОВА

1 ҚАЗАН — РАДИО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

ТАРИХТЫҢ ТІРІ ДАУЫСЫ

Радио – тіршіліктің тілін білетін, мәдени болмысты, көңіл-күйі мен өз әуеннің таратушысы, халықты ақпаратпен нәрлендіретін әсем құрал. Оның тарихи рөлі ерекше. Алғашында ол байланыс құралы ретінде танылса, қазір біз оны шығармашылық пен сазды әуен жаршысы деп атаймыз.



Радио жаңалықты алғаш 1921 жылы Орынбор қаласында тарата бастады. Ол кез совет үкіметінің құрамында едік. Кейін 1927 жылы Алматыда алғаш радио стансасы ашылды. Сол кезден бастап ол ұлттық мәдениет пен халықтың үнін жеткізуді арнаға айналды. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін радионың саны артып, мазмұны жана сипатқа ие болды. Бүгінде Қазақ радиосы еліміздің 89% аумағын қамтып, 24 сағат әуе толқынында ойнайды.

Тарихқа үңілгенде біз әр дәуірдің тынысын, қайғысы мен қуанышын қатар көре аламыз. Ол есте қалу үшін қағаз бетіне түседі. Тарих арқылы біз біраз оқиғаның куәгері атанып, көз алдымызға бізден ертеректе өмір сүрген естен кетпес ерліктің иелерімен таныса аламыз. Ал радио тарихты дауыс, интонация арқылы жеткізе алады десем сенесіз бе? Иә, бұл шындық. Радионың пайда болуы біраз салаға өзгеріс әкелді. Ол халықтың сезімін білдіретін рухани көпір атанды. Әсіресе

Ұлы Отан соғысы жылдарында радиола жүргізілген эфир мыңдаған адамды сағынышпен күттіріп қоятын. Заманның жаршы-хаттары, бұйрықтары мен әуақаты. Бәрі эфирде дауыс арқылы сақталды.

Жиырма бірінші ғасыр — технология заманы. Бұл күнде ескі құралдардың

бәрі ұмытылып жатыр. Алайда бір ғасыр легі өтсе де радио әлі қолданыста. Себебі радио — тек ақпарат құралы емес, халықтың жүрегіне жол табатын сенімді серік. Қазіргі заманға бейімделіп оның электронды нұсқасы сайттар мен мобильді қосымшалар арқылы жаңа дем алуда. Тыңдармандар әлі де радионың жана шығарымдарын асыға күтіп, сүйіп тыңдайды. Әсіресе көлік жүргізушілері, ұзақ жол жүріп келе жатқан жолаушылар мен белгілі бір жастағы аудитория радиоға әлі күнге дейін құлақ түреді. Қоғамдық көлік жүргізушісі — Арман Рахметов радио туралы пікірін былай білдірді:

— Қазақ радиосын тыңдаймын. Егер желі болса антенналы радиомен, ал егер де мүмкіндік болмаса интернет желісі, қосымшалар арқылы тыңдаймын. Танертең музыка, таңғы сұрақ-жауап ойындар қосылса. Мәшинен айдап келе жатып, хабарласасам да өз-өзімді шыңдап, сұрақтарға жауап бергенді жақсы көремін. Радионы тек жолда емес, үйде де қосамын. Оның сазды әуені ерекше көңіл-күй сыйлайды. Көбіне теледидар көруге уақыт болмай жатады. Сондықтан жаңалықтардан радио, телефон арқылы хабардар боламын. Радио тіл байлығын кеңейтуге көмектеседі. Кейде жолаушыларым тыңдасын деп дауысын шығарып қоямын. Олар болса радиодағы хабарларды бір-бірімен талқылап отырады. Радионың жақсы әсерлері өте көп. Оларды ұзақ айта беруге болады. Сол себепті радионы тыңдауға жақындарымның бәріне кеңес беремін, — делі тыңдарман.

Радио — өнер мен халық алдындағы борышын арқалап, ұлттың мәдени мұрасын сақтаған әуез үн. Ол ғасырларды тоғыстырған тарихи сыр сандықтың иесі. Уақыт өте заман ағысымен жаңа түрде қолданысқан енген радио, әлі де біраз тыңдарманның сүйіктісіне айналатыны сөзсіз.

Мерей ШӘКРАТ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің студенті



BOOTCAMP:

ЦИФРЛЫҚ БОЛАШАҚҚА ЖАҢА ҚАДАМ

Kyzylorda Hub орталығында төрт күндік «AI BOOTCAMP» жасанды интеллект меңгеру курсы өтуде. Бұл іс-шара жастардың жасанды интеллект технологияларын меңгеруіне және оны қолдану арқылы жұмыстың өнімділігін арттыруға бағытталған. Курсқа медиа саласының қызметкерлері мен мұғалімдер қатысуда.

Курсты спикер Жанарыс Тубекбаев жасанды интеллект жайлы жалпы түсінік берумен бастады. Ол қатысушыларды Grok, Deepseek, Open AI, ChatGPT, Yandex, Gemini сияқты танымал виртуалды көмекші модельдерімен таныстырды.

Қатысушылар мақала жазудан бастап, ғылыми зерттеу жүргізу, промпттар құрастыру, сабақ жоспарын дайындау, тіпті 2D ойындар мен веб-сайт құруға дейінгі әдістерді тәжірибе жүзінде меңгерді. Жанарыс Тубекбаев бұл процестердің тиімді болуы үшін қандай факторларды ескеру керектігін де атап өтті.

Gemini арқылы видео жасау және кескіндерді генерациялау мүмкіндіктері көрсетілді. Мектеп оқушыларын оқытуда ЖИ-ды қолдану, веб-сайт құру сияқты әдістер де қарастырылды. Мұғалімдер үшін ерекше қызықты болғаны — ЖИ арқылы оқушыларға арналған викториналық ойындар, карточкалар дайындау және оқу материалдарын әзірлеу мүмкіндіктері.

Курс барысында қатысушылар Google AI Studio платформасымен танысып, оның жаңа функцияларын, соның ішінде «Nanabanana» мүмкіндігін зерттеді. Оған қоса жарнамаға дауыс жазу үшін ElevenLabs коммерциялық дыбыстаудың қолданылуы да көрсетілді, бұл медиа саласының қызметкерлерін

қызықтырды. Ол арқылы журналистер тәжірибеде жаңалықтарға дубляж жасады.

— «AI BOOTCAMP» — бұл бес күндік воркшоп. Қаланың барлық тұрғынына арналған. Бұл жақта біз жасанды сананы меңгеріп, оның түрлі саладағы қолданысын зерттейміз. Оның ішінде негізгі генеративті жасанды құралдары, интеграция, әлеуметтік желілермен жұмыс істеу, бейнеконтент даярлау, ақпаратты талдау, деректермен жұмыс істеу секілді қабілеттер үйретілді. Қатысу тегін. Осы мақсатта біз 6 шара ұйымдастырдық. Ал жыл бойы 15 жиын өтті, — делі Ж.Тубекбаев.

«AI BOOTCAMP» курсы жастардың жасанды интеллект әлеміне тереңірек енуіне, оның әлеуетін толық түсінуіне және күнделікті өмірде, кәсіби қызметте тиімді қолдануына үлкен серпін берді. Жастар үшін бұл шара жаңа білім көзі болса, ұстаздар үшін оқыту әдістемесін жетілдірудің, журналистер үшін шығармашылықты кеңейтудің тапшырымы мүмкіндігіне айналды. Бұл курс жасанды интеллектті меңгеруге деген талпынысты нығайтып, Қызылорда өңіріндегі педагогика мен медиа саласының цифрлық дамуына елеулі үлес қосары анық.

М.МАЙБЕКҚЫЗЫ

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10
БАС РЕДАКТОР
Дәулет ҚЫРДАН

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:
Аружан ОРАЛБАЙ

Таралымы: 6479
Тапсырыс: 1675